ТОҚАЕВ ТОҚТАМЫ:

ТІЛ - ХАЛЫҚ ҚАЗЫНАСЫ

...Қазақ елі барда қазақ тілі тұғырдан түспейді. Өткен замандарда саяси қысым болған кезде ана тіліміз әдебиетшілер мен тіл мамандарының, журналистеріміздің, зиялы қауым мен қарапайым азаматтардың арқасында аман қалды да, өзінің дамуын тоқтатқан жоқ. Бұл – тіпті, қазақ тілінің өміршеңдігі бірегей деген сөз. Ал қазіргі таңда тіліміздің келешегіне ешқандай қауіп төніп тұрған жоқ деп анық айтуға болады. Бүгінде қазақ тілі озық технологиялар саласына кең ауқымда еніп, заман талабына сай дамып келе жатыр.

Елімізде сан алуан цифрлық платформалар табысты жұмыс істеп тұр. Оның бәрі қазақ тілінде қызмет көрсететін болды. Ана тіліміздің әлеуетін әлемнің озық технологиялық компаниялары да мойындай бастады.

Мәселен, Open.AI компаниясы жүргізген зерттеуге сәйкес қазақ тілі соңғы үш жылда жасанды интеллект жүйесіндегі қолданыс аясы қарқынды кеңейіп жатқан тілдердің қатарына кірген. Ал Yandex компаниясы өзінің бір белгілі өнімін былтырдан бері қазақ тілінде қолданатын адамдардың саны 30 пайызға артқанын мәлімдеп отыр. Сондай-ақ өткен жылы Google компаниясы қазақ тілін Gemini тілдік моделіне енгізді. Мұның бәрі – қазақ тілін ғылым тілі ретінде дамыту үшін жүргізілген жүйелі жұмыстың бір нәтижесі.

«Алтын шыққан жерді белден қаз» деген. Сондықтан біз осы бағытта басталған өте қажетті әрі маңызды жұмысты тоқтатпай, жалғастыра беруіміз керек.

...Жалпы, біз қазақ тілінің сөздік қоры өте бай деп жиі айтамыз. Мұның шындық екені де күмәнсіз. Әдеби-мәдени мұрамыз да ұшан-теңіз.

Алайда сол дүниенің көбі кезінде цифрлық жүйелерге толық әрі сапалы көшірілді деп айту қиын. Сол себепті мұрағатта немесе кітапханаларда ғана сақталған қазақ тіліндегі кітаптарды, мерзімді басылымдарды, аудио-бейне жазбаларды, мұрағат (архив) және мұражай (музей) қорларын цифрлық форматқа көшіру ісін қайта жандандыру қажет.

Бұған қоса инженерия, медицина, құқық, экономика сияқты түрлі ғылымды және ақпараттық технологияларды қазақ тілінде үйренуге барынша қолайлы жағдай жасалуы керек.

Бұл тұста, ең алдымен, сапалы оқулықтар мен оқу құралдарын даярлауға баса мән берген жөн. Өкінішке қарай, бұл мәселе бойынша көп қателік жасалды, олқылықтар да аз емес.

Әрине, бұл – қазақ ғылымының, яғни ғалымдардың әлеуеті мықты болуы қажет деген сөз. Ғылым дамыса, қазақ тілі де ғылым мен өндірістің тілі болмақ. Тарихи деректер мен мысалдар жеткілікті, мәселен – парсы, француз тілдерінің тарихы, ал қазіргі дәуірде ағылшын тілі бірінші қатарға шықты.

Бұл тұста жоғары оқу орындарының рөлі аса маңызды. Университеттер қазақ тіліндегі ғылыми-зерттеу еңбектеріне айрықша назар аударуы қажет.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының X құрылтайында сөйлеген сөзінен

Сарқылмасын Сыр - Ана!

Ақмешіт ақшамы

№45 (1852) 12 қараша 2026 жыл Бейсенбі

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ WWW Qaa.kz qaa.kz Ақмешіт Ақшамы Газеті

Жолдау-2026

ЖОЛДАУ ЖЫЛДАМ ЖҮЗЕГЕ АСАДЫ...

Мемлекет басшысының «Жаңа тарихи кезеңдегі Қазақстанның өзекті міндеттері» атты Қазақстан халқына Жолдауында Үкіметке еліміздің экономикалық әлеуетін арттыру, инфрақұрылымды жаңғырту, өнеркәсіпті дамыту және энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөнінде нақты міндеттер қойылды. Осы орайда Премьер-министрдің бірінші орынбасары Нұрлыбек Нәлібаев, Энергетика министрі Ерлан Аққенженов, Өнеркәсіп және құрылыс министрі Ерсайын Нағаспаев, Көлік вице-министрі Мақсат Қалиақпаров инфрақұрылымды жаңғырту, көлік әлеуетін, энергетикалық кешенді және еліміздің өнеркәсіптік секторын дамыту туралы жасалатын жұмыстарды баяндады.

3-бетте

СЫР ӨҢІРІНДЕ КІМДЕР ДЕПУТАТ БОЛУҒА ҮМІТКЕР?

Еліміз бойынша 29 қарашада өтетін жергілікті мәслихат депутаттарының кезектен тыс сайлауында Қызылорда аймағында облыстық, қалалық және аудандық мәслихаттар депутаттығына 455 үміткер бақ сынайды. Олардың арасында билік өкілдері, кәсіпкерлер мен өндіріс басшылары, мемлекеттік қызметшілер, дәрігерлер мен мұғалімдер, ауыл шаруашылығы мамандары мен қоғамдық ұйым жетекшілері, БАҚ өкілдері бар. Бұл сайлаудағы үміткерлердің кәсіби құрамы мен саяси партиялардың бағдарламаларына назар аударсақ, өңірдің дамуында қандай салаларға басымдық беріліп отырғанын аңғаруға болады.

БІР МАНДАТҚА ҮШ ҮМІТКЕР

Бұл жолғы мәслихат сайлауының басты ерекшелігі – облыстық мәслихатқа депутат болуға аралас сайлау жүйесінің қолданылуы. Яғни депутаттық мандаттардың бір бөлігі партиялық тізім арқылы, екінші бөлігі бірмандатты сайлау округтері арқылы дауысқа түседі.

Қызылорда облыстық мәслихатына 16 округ бойынша бір мандаттық округіне 48, қалалық мәслихатқа 23 округ бойынша 69 кандидат және аудандық мәслихаттарға 97 округ бойынша 292 кандидат тіркелді. Осылайша, сайлау округтері бойынша 409 кандидат тіркеліп, әрбір депутаттық орынға үш адамнан үмітті.

Ал партиялық тізім бойынша «Әділет», «Ақ жол» және «Ауыл» партиялары облыстық мәслихатқа барлығы 46 кандидат ұсынған. «Әділет» партиясының тізімінде 40 үміткер болса, «Ақ жол» мен «Ауыл» партияларының әрқайсысы үш кандидаттан ұсынған.

Яғни бірмандатты округтерде 409 кандидат болса, партиялық тізімдерге 46 кандидат тиесілі. Жалпы саны – 455 үміткерді құрайды.

Биылғы мәслихатқа депутаттыққа үміткерлердің 314-і ер адам, 95-і әйел адам. Ал партиялық тізім бойынша кандидаттардың құрамын 36 ер адам және 10 әйел адам құрайды. Бұл мәліметтер үміткерлердің құрамында ер азаматтар басым екенін аңғартады.

Сайлаудың тағы бір ерекшелігі – облыстық мәслихатқа партиялық тізіммен ұсынылған азаматтардың арасында билік өкілдерінің, кәсіпкерлердің және әлеуметтік салалардың басшылары бар. Мәселен, «Әділет» партиясының тізіміне Қызылорда қаласының әкімі, облыс әкімінің орынбасары, аудан әкімі, денсаулық сақтау ұйымдарының басшылары, кәсіпкерлер мен өндіріс орындарының жетекшілері енгізілген. Ал «Ақ жол» және «Ауыл» партияларының тізімдерінде қоғамдық ұйым, кәсіпкерлік және аграрлық сала өкілдері бар.

КАНДИДАТТАРДЫҢ КӘСІПТЕРІ ҚАНДАЙ?

Үміткерлердің қызмет саласына көз жүгіртсек, олардың кәсіби құрамы әртүрлі бағытты қамтитынын байқауға болады. Облыстық мәслихат депутаттығына ұсынылған кандидаттар арасында мұнай-газ, құрылыс, банк-қаржы, ауыл шаруашылығы және коммуналдық шаруашылық салаларының басшылары мен кәсіпкерлер бар. Сонымен қатар облыстық және қалалық ауруханалардың, емханалардың бас дәрігерлері, білім беру ұйымдарының жетекшілері, мәдениет мекемелерінің басшылары да, журналистер де депутаттыққа үміткер ретінде тіркелген.

Қалалық мәслихатқа ұсынылған кандидаттардың кәсіби құрамына қарағанда, кәсіпкерлік пен бизнес саласының өкілдері едәуір орын алады. Сонымен қатар мемлекеттік басқару, білім беру, мәдениет, спорт, банк және қаржы, құрылыс пен коммуналдық шаруашылық салаларында еңбек ететін азаматтар да бар. Бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері де депутаттыққа үміткер ретінде тіркелген. Осы құрам қалалық мәслихатқа әртүрлі кәсіби ортадан шыққан азаматтардың қатысып отырғанын көрсетеді.

Аудандық мәслихатқа ауыл шаруашылығы басшылары, су шаруашылығы мекемелерінің мамандары, коммуналдық кәсіпорын директорлары, білім беру ұйымдарының жетекшілері мен мемлекеттік қызметшілердің болуы ауыл аймақтардағы күнделікті мәселелердің шешілуіне де ықпал болары сөзсіз.

Әрине, бұл мәліметтер барлық кандидаттардың кәсіби бағыттары бойынша толық статистикалық көрсеткішті білдірмейді. Дегенмен тізімдерді талдағанда бизнес пен өндіріс өкілдерінің, басқару тәжірибесі бар тұлғалардың көптеу екенін аңғаруға болады.

ӘР ПАРТИЯДА ӘРТҮРЛІ БАСЫМДЫҚ

Кандидаттар құрамымен қатар сайлау науқанының негізгі мазмұнын партиялардың бағдарламалары айқындайды. Қызылорда облысында «Әділет», «Ақ жол», «Ауыл» және «Республика» партияларының облыстық деңгейдегі ұсыныстары мен республикалық саяси бағдарламалары әртүрлі бағытты қамтиды.

Оларды салыстырғанда «Әділет» партиясы әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымды дамытуға, «Ақ жол» кәсіпкерлік пен экономикалық еркіндікке, ал «Ауыл» аграрлық сектор мен ауылдық аумақтардың әлеуетін арттыруға басымдық беріп отырғанын көреміз. Одан бөлек «Respublica» кәсіпкерлік пен экономиканы алға жылжытуды негізге алған.

«ӘДІЛЕТ»: ТҰРҒЫН ҮЙ, ЖОЛ ЖӘНЕ ӨНДІРІС

«Әділет» партиясының Қызылорда облысын 2031 жылға дейін дамытуға арналған өңірлік бағдарламасында нақты сандық көрсеткіштер белгіленген. Атап айтқанда, алдағы бес жылда облыста 4,7 млн. шаршы метр тұрғын үй салу, жергілікті маңызы бар автомобиль жолдарының жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы үлесін 98 пайызға жеткізу, өңдеу өнеркәсібінің көлемін 440 млрд. теңгеге дейін арттыру және негізгі капиталға салынатын инвестиция көлемін 2,182 трлн. теңгеге жеткізу міндеттері көрсетілген.

Сонымен қатар инженерлік-коммуналдық инфрақұрылымды жаңғырту, су құбыры желілерін жаңарту, Талдыарал елді мекенінде қосымша ұңғыма орнату, биологиялық тазарту станциясын жаңғырту, жылу және электрмен жабдықтау жүйелерін жақсарту мәселелері қамтылған.

Бұл бағыттар Қызылорда облысының бүгінгі қажеттіліктерімен тығыз байланысты. Әсіресе тұрғын үйге сұраныстың артуы, ауылдардағы жол сапасы, ауызсу мен электр желілерінің жағдайы халықты толғандыратын мәселелер қатарында.

«АҚ ЖОЛ»: КӘСІПКЕРЛІК ПЕН ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЕРКІНДІК

«Ақ жол» демократиялық партиясының «Өзгерістер қажет» атты саяси бағдарламасында жеке кәсіпкерлікті дамыту, шағын және орта бизнесті қолдау, инвестициялық ахуалды жақсарту, отандық өндірісті өркендету және мемлекеттік органдардың бизнеске араласуын шектеу мәселелері негізгі орын алады.

Партия экономиканы әртараптандыру, адал бәсекелестікті қалыптастыру, жоғары жалақы төленетін жұмыс орындарын ашуды ұсынуда. Сонымен қатар жастар, әйелдер мәселесі және әлеуметтік кәсіпкерлікті қолдауға назар аударады. Экономиканың тұрақтылығы үшін шикізат өндірумен ғана шектелмей, дайын өнім шығаратын кәсіпорындарды көбейту маңызды. Мәселен, күрішті терең өңдеу, ауыл шаруашылығы өнімдерін дайын тауарға айналдыру, құрылыс материалдарын өндіру және шағын өндіріс орындарын ашу жаңа жұмыс орындарын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

«Ақ жол» бағдарламасының тағы бір маңызды тұсы – өңірлерді дамытуда жергілікті мәслихаттардағы депутаттық фракциялардың рөлін күшейтуге мән беруі. Бұл жергілікті бюджет қаржысының тиімді жұмсалуын бақылау және кәсіпкерлердің мүддесін қорғау тұрғысынан маңызды.

«АУЫЛ»: АГРАРЛЫҚ СЕКТОР МЕН СУ МӘСЕЛЕСІ

«Ауыл» партиясы аграрлық секторды қаржыландыруды жетілдіруді, фермерлерге қолжетімді несие беруді, ауыл шаруашылығы кооперацияларын дамытуды және өнімді өңдеу мен өткізу жүйесін жақсартуды ұсынады. Аграрлық секторға мамандандырылған Агробанк құру бастамасы да осы бағыттағы ұсыныстардың бірі.

Сонымен бірге партия ауылдық инфрақұрылымға ерекше көңіл бөледі. Алдағы үш жылда өңірлердегі инфрақұрылымдық жобаларға жалпы сипаттағы трансферттер арқылы 9 трлн. теңгеден астам қаражат бағытталуына ықпал ету, ауылдық жерлерде жоғары жылдамдықты интернеттің қолжетімділігін кеңейту және шалғай аумақтарды дамыту көзделген.

Соңғы жылдары су тапшылығы мәселесі аграрлық саланың ең күрделі проблемаларының біріне айналды. Сондықтан каналдарды жаңғырту, су үнемдеу технологияларын енгізу, егіс құрылымын әртараптандыру және фермерлерді қолдау мәселелері аталмыш партия бағдарламасының басым бағыттарының бірі болуда.

«RESPUBLICA»: ҚҰРЫЛЫС ПЕН ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

«Respublica» партиясының «Қуатты экономика мен лайықты өмір» атты сайлауалды бағдарламасында кәсіпкерлерге қолайлы жағдай жасау, тұрғын үй құрылысы, құрылыс сапасы, инфрқұрылым және жеке сектордың экономикадағы үлесін арттыру мәселелері қамтылған.

Бұдан бөлек білім беру мен ғылымның сапасын арттыру, еңбек нарығына қажетті мамандар даярлау, инновацияны дамыту мәселелері көтерілген. Денсаулық сақтау бағытында медициналық қызмет сапасын жақсарту, медициналық сақтандыру жүйесін жетілдіру және азаматтардың медициналық қызметтерге қолжетімділігін кеңейту ұсынылады.

Әлеуметтік саясатта көмекті шын мәнінде мұқтаж азаматтарға бағыттау, жұмыспен қамтуды ынталандыру және халықтың табыс табу мүмкіндіктерін арттыру мәселелері қамтылған. Сонымен бірге мемлекеттік басқаруды оңтайландыру, қызметтерді цифрландыру және олардың халыққа қолжетімділігін арттыру да бағдарламаның маңызды бағыттарының бірі.

БАҒДАРЛАМАЛАР МЕН КАНДИДАТТАРДЫҢ ҮЙЛЕСІМІ ҚАЛАЙ?

Төрт партияның бағдарламаларын олардың атынан ұсынылған кандидаттардың кәсіби құрамымен салыстыру да маңызды.

Мәселен, «Әділет» партиясының облыстық тізіміндегі үміткерлер партия бағдарламасындағы өндіріс, инвестиция, тұрғын үй және әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту бағыттарымен белгілі бір деңгейде үйлеседі.

«Ақ жол» партиясы кәсіпкерлік пен экономикалық еркіндікті негізгі басымдық етуде. Сондықтан оның кандидаттары арасында кәсіпкерлік тәжірибесі бар азаматтардың болуы бағдарламаның мазмұнымен сәйкес келеді.

Ал «Ауыл» партиясы аграрлық бағытты алға тартқандықтан, ауыл шаруашылығы, жер пайдалану, су ресурстары мен ауылдық инфрақұрылымды білетін мамандардың ұсынылуы ерекше маңызды.

Одан бөлек «Respublica» партиясының бағдарламасында көтерілген тұрғын үй құрылысы, құрылыс сапасы, инженерлік желілерге тиесілі мәселелерімен осы салаларға қатысы бар жауапты кандидаттардың үйлесімін аңғаруға болады.

ҚАЛА МЕН АУЫЛ БІРДЕЙ ЕМЕС...

Сайлауалды бағдарламаларға зер салғанда, облыс орталығы мен аудандардың қажеттіліктері бірдей емес екенін де ескерген жөн.

Қызылорда қаласы үшін тұрғын үй құрылысы, қоғамдық көлік, жол сапасы, жылу, электр және су жүйелері, жаңа жұмыс орындары мен әлеуметтік нысандардың қолжетімділігі өзекті.

Ал аудандарда жағдай өзгеше. Арал мен Қазалы үшін су тапшылығы, балық шаруашылығы, мал шаруашылығы және экологиялық мәселелер маңызды болса, Қармақшы, Жалағаш, Сырдария, Шиелі мен Жаңақорған аудандарында суармалы егіншілік, ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу, жол, ауызсу және ауылдық әлеуметтік инфрақұрылым мәселелері ерекше назар аударуды қажет етеді.

Мысалы, Қазалы ауданындағы су шаруашылығы мен аграрлық өндірісті дамыту мәселесі күріш шаруашылығының болашағымен байланысты. Арал ауданында экологиялық ахуал мен балық шаруашылығын дамыту маңызды. Ал Шиелі мен Жаңақорған аудандарында өндіріс орындарының әлеуетін пайдалану, ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу және жаңа жұмыс орындарын ашу мәселесі өзекті.

Демек, облыстық деңгейдегі ортақ бағдарлама қалалар мен аудандардың ерекшеліктеріне қарай нақты жобалармен толықтырылуы тиіс. Әйтпесе барлық елді мекенге ортақ бірдей ұсыныс жасау жергілікті проблемалардың шешімін табуына жеткіліксіз болуы мүмкін.

САЙЛАУАЛДЫ УӘДЕ МЕН ДЕПУТАТТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК

НЕМЕСЕ САЙЛАУШЫ НЕНІ ЕСКЕРУІ КЕРЕК?

Мәслихат депутаттарын сайлаудағы ең маңызды мәселе – бағдарламалардың орындалуы. Нақтырағы, сөз бен істің теңдігі.

Мәслихат жергілікті бюджетті бекітуге, оның орындалуын бақылауға, өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму бағдарламаларын қарауға және жергілікті биліктің есебін тыңдауға қатысады. Сондықтан депутаттық қызметтің тиімділігі тек сайлау кезінде берілген уәдемен емес, кейінгі нақты нәтижемен бағалануы керек.

Әлбетте, сайлауалды бағдарламалардың Сыр өңірі үшін маңызы жоғары. Неге десеңіз, облыстың тұрақты дамуы бір ғана саланың өркендеуімен шектелмейді. Өндіріс дамымай жаңа жұмыс орындары көбеймейді, ауыл шаруашылығы қолдау таппай ауылдардың әлеуеті артпайды, ал инфрақұрылым жаңғырмай халықтың өмір сапасы жақсармайды.

Сондықтан сайлаушы партияның атауына, немесе кандидаттың лауазымына ғана бсымдық бермеуі керек. Оның орнына үміткердің аймақта қордаланған күрделі мәселелерді қаншалықты білетініне, қандай нақты ұсыныс жасайтынына, бұрынғы қызметінде қандай нәтиже көрсеткеніне және сайланған жағдайда халық алдында есеп беруге қаншалықты дайын екеніне назар аударған жөн.

Өйткені мәслихаттағы орын – мәртебе емес, қоғамдық жауапкершілік. Ал сайлауалды бағдарлама – сайлаушыға берілген уәде ғана емес, оны орындауға бағытталған міндет.

А.ӘЛИАРЫСТАН

МАҢДАЙША ЖАЗУЛАРЫН ОРНАЛАСТЫРУДА ТІЛ ЗАҢНАМАСЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫН САҚТАҢЫЗ!

Құрметті кәсіпкерлер!

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңының 21-бабына сәйкес, мемлекеттік емес ұйымдардың маңдайшалары мемлекеттік тілде, қажет болған жағдайда орыс және (немесе) басқа да тілдерде орналастырылады. Сонымен қатар, заңнамада деректемелер мен көрнекі ақпарат мәтіндерін орналастырудың нақты тәртібі белгіленген.



«Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңының 21-бабы

Мемлекеттік емес ұйымдардың маңдайшалары **мемлекеттік тілде,** қажет болған жағдайда орыс және (немесе) басқа тілдерде орналастырылуы тиіс.

ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 75-бабының 3-бөлігі

Деректемелер мен көрнекі ақпаратты орналастыру жөніндегі талаптарды бұзғаны үшін **ескерту** түріндегі әкімшілік шара көзделеді.



75-баптың 4-бөлігі

Осы құқық бұзушылық әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталанған жағдайда, кәсіпкерлік субъектісінің санатына қарай **5, 10 немесе 25 АЕК** мөлшерінде айыппұл салынады.

АЙТА КЕТЕЙІК!

Бұған дейін барлық кәсіп иелеріне заңнама талаптарын сақтау қажеттілігі туралы түсіндіру жұмыстары жүргізілген болатын.

БАРЛЫҚ КӘСІП ИЕЛЕРІНЕН НЫСАНДАРДЫҢ МАҢДАЙША ЖАЗУЛАРЫН ОРНАЛАСТЫРУ КЕЗІНДЕ ТІЛ ТУРАЛЫ ЗАҢНАМА ТАЛАПТАРЫН ҚАТАҢ САҚТАУЫН СҰРАЙМЫЗ!

Мемлекеттік тілге құрмет – әр азаматтың ортақ міндеті!

МАҢДАЙША ЖАЗУЛАРЫН РӘСІМДЕУ КЕЗІНДЕГІ НЕГІЗГІ ТАЛАПТАР:

1. Мемлекеттік тілдегі мәтін сол жақта немесе жоғарыда орналасуы тиіс.
2. Орыс тіліндегі мәтін оң жақта немесе төменде орналасуы қажет.
3. Қазақ және орыс тілдеріндегі жазулар бірдей өлшемдегі әріптермен жазылуы тиіс.
4. Екі тілдегі мәтіннің мағынасы бірдей, аудармасы түпнұсқаға сай болуы керек.
5. Мәтіндер орфографиялық нормаларды сақтай отырып жазылуы қажет.

ДҰРЫС РӘСІМДЕУ ҮЛГІЛЕРІ:

- АЗЫҚ-ТҮЛІК ДҮКЕНІ | ПРОДОВОЛЬСТВЕННЫЙ МАГАЗИН (ПРОДУКТОВЫЙ МАГАЗИН)
- МЕЙРАМХАНА | РЕСТОРАН
- ШАШТАРАЗ | ПАРИКМАХЕРСКАЯ
- ДӘРІХАНА | АПТЕК

ҰБТ-ға ДАЙЫНДЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК МЕДИА:

БОС ӘУРЕШІЛІК ПЕ, ӘЛДЕ КӨМЕКШІ ҚҰРАЛ МА?

Бүгінгі оқушының өмірін әлеуметтік желілерсіз елестету қиын. Әсіресе, Ұлттық бірыңғай тестілеуге (ҰБТ) дайындалып жүрген түлектер үшін әлеуметтік медиа әрі білім көзіне, әрі уақытты ұрлайтын алаңға айналды. Ендеше, әлеуметтік желі талапкерге қаншалықты пайдалы?

Қазіргі таңда білім алу үшін міндетті түрде кітапханаға бару немесе репетитор жалдау қажет емес. YouTube платформасындағы бейнесабақтар, Instagram желісіндегі қысқа түсіндірмелер, TikTok-тағы пайдалы білім контенттері мен Telegram-дағы тақырыптық арналар оқушыға қажетті ақпаратты жылдам табуға мүмкіндік береді. Мәселен, тарих пәнінен белгілі бір оқиғаның себебі мен салдарын түсінбей қалған оқушы бірнеше минут ішінде бейнесабақ көріп, тақырыпты қайта меңгере алады. Ал математикадан күрделі есептердің шығарылу жолын кезең-кезеңімен түсіндіретін материалдар оқушының өздігінен білім алуына көмектеседі.

Әлеуметтік медианың тағы бір артықшылығы — талапкерлердің бір-бірімен тәжірибе алмасуы. Олар дайындық әдістерімен бөлісіп, өздеріне пайдалы ресурстарды ұсынып, бір-біріне қолдау көрсете алады. Демек, дұрыс пайдаланылған әлеуметтік желі — білімге бастайтын қосымша мүмкіндік.

Алайда мәселенің екінші жағы да бар. Оқушы ҰБТ-ға дайындалу үшін телефонын қолына алады. Бір бейнесабақ көремін деп кірген әлеуметтік желіде келесі сәтте ойын-сауық видеоларына алданып, уақыттың қалай өткенін байқамай қалуы мүмкін.Бірнеше минутқа жоспарланған үзіліс жарты сағатқа, тіпті одан да ұзақ уақытқа созылады. Соның салдарынан жоспарланған тапсырмалар орындалмай, дайындық сапасы төмендейді.

Бұған қоса, әлеуметтік желідегі ақпараттың барлығы бірдей сенімді емес. Кейбір парақшалар қате мәлімет таратып, оқушыларды жаңылыстыруы мүмкін. Сондықтан кез келген ақпаратты бірден қабылдамай, оның дұрыстығын ресми білім беру ресурстары арқылы тексеру маңызды. Менің ойымша, әлеуметтік медиадан толық бас тарту міндетті шешім емес. Ең маңыздысы — оны қандай мақсатта және қаншалықты пайдаланатынымызды түсіну.

ҰБТ-ға дайындалып жүрген оқушы әлеуметтік желіні тиімді қолдану үшін бірнеше қарапайым қағиданы ұстанғаны жөн:

* Нақты мақсат қою. Әлеуметтік желіге кірмес бұрын қандай тақырыпты меңгеретініңді анықтау.

* Уақытты бақылау. Білім алуға және демалуға арналған уақытты алдын ала белгілеу.

* Сенімді дереккөз таңдау. Ресми ақпарат пен білікті мамандардың түсіндірмелеріне басымдық беру.

* Теорияны тәжірибемен бекіту. Бейнесабақ көрумен шектелмей, тест тапсырмаларын орындау және қателермен жұмыс істе. Себебі білімді тек тыңдау жеткіліксіз. Нағыз нәтиже алған ақпаратты түсініп, оны тәжірибеде қолданғанда көрінеді.

ҰБТ — оқушының білімін тексеретін сынақ қана емес, оның жауапкершілігі мен табандылығын да танытатын кезең. Бұл уақытта әр минуттың қадірін түсіну маңызды. Дегенмен, табысқа жету үшін заманауи технологиялардан бас тартпай, оларды дұрыс бағытта пайдалана білу қажет.

Абдужаппар Аружан
Т.Есетов атындағы №264 мектеп-лицейінің 11-сынып оқушысы

ИНВЕСТ ПОРТФЕЛЬДЕРДЕГІ ҚАРЖЫ КӨБЕЙДІ МЕ?

ҚРҰБ ЖӘНЕ ИПБ БАСҚАРУЫНДАҒЫ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ПОРТФЕЛЬДЕРГЕ 2026 ЖЫЛҒЫ 1 ҚАЗАНДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША ШОЛУ

«БЖЗҚ» АҚ (БЖЗҚ, Қор) enpf.kz сайтындағы «Статистика және аналитика – Зейнетақы активтерін инвестициялық басқару» бөлімінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (ҚРҰБ) және инвестициялық портфельді басқарушылардың (ИПБ) зейнетақы активтерін басқаруы туралы есебін ұсынды.

2026 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша ҚРҰБ және ИПБ басқаруындағы зейнетақы активтерінің жалпы көлемі **28 267,61 млрд. теңгені** құрады. Осы күнгі жағдай бойынша міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ), міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ), ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) есебінен қалыптастырылған ҚРҰБ сенімгерлік басқаруындағы БЖЗҚ зейнетақы активтері шамамен **26 633,21 млрд. теңгені**[1] құрады. ҚРҰБ сенімгерлік басқаруындағы жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары (ЖМЗЖ) есебінен қалыптастырылған зейнетақы активтерінің көлемі - **1 428,29 млрд. теңге**.

ИПБ басқаруындағы зейнетақы активтері **151,28 млрд. теңгені** құрады.

ҚРҰБ БАСҚАРУЫНДАҒЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ АКТИВТЕРІНІҢ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ПОРТФЕЛІ

Ұлттық Банк БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқарушы ретінде теңгерімді инвестициялық саясатты ұстанады: валюталар, елдер, секторлар және эмитенттер бойынша қаржы құралдарының сан-алуан түрлеріне инвестициялайды.

ҚРҰБ ұсынған ақпарат бойынша 2026 жылғы 1 қазанда **МЗЖ, МКЗЖ, ЕЗЖ есебінен қалыптастырылған зейнетақы активтерін** инвестициялаудың негізгі бағыттары төмендегідей: ҚР Қаржы министрлігінің мемлекеттік бағалы қағаздары – 43,34%, квазимемлекеттік компаниялардың облигациялары – 8,27%, ҚРҰБ депозиттері – 2,63%, Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің облигациялары – 2,50%, ҚР эмитенттерінің акциялары мен депозитарлық қолхаттары – 1,97%,шет мемлекеттердің МБҚ – 1,33%, МҚҰ – 1,00%.

Активтердің 37,62%-ы индексті басқару шеңберінде инвестицияланады. Бұл тәсіл инвестордың стратегиялық мүдделерін көрсететін бағалы қағаздар жиынтығы болып табылатын эталондық портфельге бағдарланған инвестициялық портфельді қалыптастыруды көздейді. Эталондық портфельдің кірістілігі басқару тиімділігін бағалау кезінде шара ретінде қызмет етеді. Эталондық портфель ретінде жетекші әлемдік қаржы компаниялары немесе ҚРҰБ әзірлеген және қадағалайтын индекстер пайдаланылады. Активтерді индекстік басқаруды ҚРҰБ дербес, сондай-ақ дамыған елдер облигацияларының субпортфеліне, дамушы елдер облигацияларының қосалқы портфеліне, корпоративтік облигациялардың қосалқы портфеліне және акциялардың қосалқы портфеліне қатысты шетелдік басқарушы компанияларды тарта отырып жүзеге асырады.

2026 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша МЗЖ, МКЗЖ, ЕЗЖ есебінен сатып алынған қаржы құралдары номинацияланған валюталар бөлінісіндегі инвестициялық портфель мынадай: ұлттық валютадағы инвестициялар – 58,86%, АҚШ долларымен – зейнетақы активтері портфелінің 41,13%.

Инвестициялау нәтижесінде бағалы қағаздар бойынша сыйақы түріндегі табыс, оның ішінде орналастырылған салымдар мен «кері РЕПО» операциялары бойынша кіріс 1 693,73млрд теңгені, бағалы қағаздарды нарықтық қайта бағалаудан түскен кірістер14,15млрд теңгені, өзге кірістер –3,48млрд теңге.

Сыртқы басқарудағы активтерді қоспағанда, шетел валютасында инвестицияланған бағалы қағаздарды нарықтық қайта бағалау теріс болып қалыптасты.

2025 жылғы қазаннан бастап 2026 жылғы қыркүйекке дейінгі соңғы 12 айда есептелген инвестициялық кірістің мөлшері шамамен 706,33 трлн теңгені құрады, осы кезеңдегі кірістілік 2,64%-ды құрады.

2026 жылғы 1 қазандағы **ЖМЗЖ** инвестициялау бағыттары келесідей: ҚР Қаржы министрлігінің мемлекеттік бағалы қағаздары – 96,52%, ҚРҰБ депозиттері – 3,34%.

ЖМЗЖ есебінен инвестициялық портфель тек ұлттық валютада номиналданған қаржы құралдарынан тұрады. Бағалы қағаздар бойынша, оның ішінде орналастырылған салымдар мен «кері РЕПО» операциялары бойынша сыйақы түріндегі кіріс – 115,80 млрд теңге. Бағалы қағаздарды нарықтық қайта бағалау салымшыларға 23,59 млрд теңге кіріс әкелді.

2026 жылғы құқазанғадейінгі соңғы 12 айда ЖМЗЖ бойынша есептелген инвестициялық кірістің мөлшері 173,20млрд теңгені құрады, осы кезеңдегі кірістілік – 19,15%.

ҚРҰБ басқаруындағы қаржы құралдарының эмитенттері көрсетілген инвестициялық портфелінің егжей-тегжейлі құрылымы және инвестициялық қызметке шолу БЖЗҚ-ның ресми сайтында берілген. Сондай-ақ, enpf.kz сайтында ЖМЗЖ есебінен қалыптастырылған зейнетақы активтері бойынша портфель құрылымы туралы ақпарат орналастырылды.

ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІНІ ҰБТ-ға ОДАҚТАС ЕТУДІҢ ЖОЛДАРЫ

Қазіргі таңда әлеуметтік желі жастар өмірінің ажырамас бөлігіне айналды. Әсіресе TikTok платформасын оқушылар көңіл көтеру үшін ғана емес, білім алу мақсатында да пайдалана алады. 11-сынып оқушылары үшін ҰБТ-ға дайындықта әлеуметтік желінің мүмкіндігін тиімді қолдану маңызды.

TikTok-та қысқа әрі түсінікті бейнесабақтар көп. Мысалы, тарих пәнінен маңызды даталар мен оқиғаларды, математикадан есеп шығару тәсілдерін, қазақ тілінен ережелерді бірнеше минут ішінде қайталауға болады. Қысқа бейнелер күрделі тақырыптарды есте сақтауды жеңілдетеді. Сонымен қатар оқушылар өздеріне қажетті пәндер бойынша арнайы білім беру парақшаларына жазылып, күн сайын жаңа ақпарат алып отыра алады.

Әлеуметтік желіні ҰБТ-ға дайындықта қолданудың тағы бір тиімді жолы – онлайн тестілеу. Кейбір парақшаларда пәндер бойынша сұрақтар жарияланып, оқушылар өз білімін тексереді. Тест нәтижесі арқылы қай тақырыпты жақсы меңгергенін, қай бөлімге көбірек көңіл бөлу керектігін анықтауға болады. Достармен бірге тест сұрақтарын талқылау да білімді бекітуге көмектеседі.

Алайда TikTok қолданғанда уақытты дұрыс жоспарлау қажет. Оқушы пайдалы контент пен бос уақытты өткізетін бейнелердің арасын ажырата білуі тиіс. Сенімді ақпарат көздерін таңдап, қате мәліметтерге сақтықпен қараған жөн.

Қорытындылай келе, әлеуметтік желі – дұрыс пайдаланған жағдайда ҰБТ-ға дайындықтың тиімді құралы. TikTok-ты біліммен ұштастыра білген оқушы уақытын үнемдеп, білімін толықтырып, жоғары нәтижеге жете алады.

Бақытбекқызы Мариям
Т.Есетов атындағы №264 мектеп-лицейінің 11-сынып оқушысы

Түзету

"Ақмешіт ақшамы" газетінің биылғы жылғы 28-ші қазанда жарық көрген 43-ші нөміріндегі "Қызылорда қаласының аумағындағы сайлау учаскелерінің" №205 сайлау учаскесіндегі Байтұрсынов 74-тен 150-ге дейін жұп беті, 201 сайлау учаскесіндегі Байтұрсынов көшесі 73-тен 151-ге дейін тақ жағы деп оқылсын.

«ЕСІРТКІСІЗ БОЛАШАҚ: ҚОҒАМ ҮНІ»

Бүгінгі қоғамның өзекті әрі өте қауіпті мәселелерінің бірі – есірткіге тәуелділік. Нашақорлық – тек бір адамның ғана емес, бүкіл отбасының үлкен қасіреті.

Жас ұрпақ – еліміздің тірегі мен ертеңі. Ал бұл қауіпті індет жасөспірімдердің өмірін улап, жарқын болашағына балта шабады. Өкінішке орай кейбір құрдастарымыз қызығушылықпен немесе басқаларға еліктеп есірткі татып көреді. Есірткіге тәуелді болған жасөспірім өзін қанағаттандыру үшін ұрлыққа, тіпті кісі өлтіруге дейінгі қылмысқа да барады. Олар денсаулығынан да, досынан да айырылады.

Халқымызда «Ауруды емдегеннен гөрі, оның алдын алған жеңілірек» деген жақсы сөз бар. Сондықтан бұл дертпен күресу – тек құқық қорғау органдарының ғана емес, бүкіл қоғамның міндеті. Жанұядағы махаббат пен дұрыс бақылау, сонымен қатар жас ұрпақтың бос уақытын спортпен, өнермен тиімді өткізуі – есірткі тәуелділігі індетіне қарсы тұра алатын негізгі тосқауыл. Бір сәттік қызығушылықтың соңы үлкен өкінішке айналуы мүмкін. Өмірде дұрыс жол таңдау маңызды.

Ойымды түйіндей келе, нашақорлық – жас ұрпақты құрдымға кетіретін қауіпті жол. Бүгінгі таңдауымыз – болашағымыз. Бізге есірткіге тәуелді ұрпақ емес, білімді, мақсаты айқын және өз Отанын сүйетін отаншыл жастар қажет. Тек сонда ғана мемлекетіміздің болашағы жарқын, келешегіміз кемел болмақ.

Нуртаева Адиля
Байқоңыр қаласы №273 орта мектептің 8 «А» сынып оқушысы

СЕНІМ ТЕЛЕФОНДАРЫ

Қазақстан Республикасы Президентінің 29.12.2015 жылғы № 153 «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдептілік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» Жарлығына және Қазақстан Республикасының 18.11.2015 жылғы № 410 V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес, **Қызылорда қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінде** азаматтарды жеке мәселелерімен қабылдау күнделікті сағат 9.00-ден 19.00-ге дейін, үзіліс уақыты 13.00-ден 15.00-ге дейін және 8(7242)40-04-84 сенім телефоны жұмыс істейтінін хабарлайды.

* * *

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдептілік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» № 153 Жарлығы талаптарының орындалуы және Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес **«Қызылорда қаласының Қарауылтөбе ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде** 8 (7242) 21-33-21 «Сенім телефоны» жұмыс жасайтынын және Қарауылтөбе ауылдық округі әкімімен азаматтарды жеке мәселелерімен қабылдау әр аптаның сәрсенбі күні сағат 15.00-ден 19.00-ге дейін жүргізілетіндігін хабарлайды.

ТЕЛЕФОНЫ ДОВЕРИЯ

В соответствии с Указом Президента Республики Казахстан от 29.12.2015 года № 153 «О мерах по дальнейшему совершенствованию этических норм и правил поведения государственных служащих Республики Казахстан» и Законом Республики Казахстан от 18.11.2015 года № 410 V «О противодействии коррупции» прием граждан по личным вопросам **в отделе занятости и социальных программ города Кызылорда** ежедневно с 9.00 до 19.00 часов, время перерыва с 13.00 до 15.00 и телефон доверия 8(7242)40-04-84.

* * *

В соответствии с Указом Президента Республики Казахстан от 29 декабря 2015 года № 153 «О мерах по дальнейшему совершенствованию этических норм и правил поведения государственных служащих Республики Казахстан» и Законом Республики Казахстан от 18 ноября 2015 года №410-V«О противодействии коррупции» сообщаем, что, в **коммунальном государственном учреждении «Аппарат акима сельского округа Карауылтобе города Кызылорды»** работает «Телефон доверия» 8 (7242) 21-33-21 и прием граждан по личным вопросам Акимом сельского округа Карауылтобе проводится каждую среду недели с 15.00 до 19.00 часов.

МЕНШІК ИЕСІ:
«Желтоқсан и К» ЖШС

Бас редактор
Сәрсенкүл Бәйдешқызы
БИҚОЖАЕВА

Бас редактордың орынбасары
Айдана ӘЛИАРЫСТАН

Редакцияның мекен-жайы:
Қызылорда қаласы
Абай даңғылы, 59/1

Телефон: 23-16-08
23-16-11

(E-mail: a_akshamy@mail.ru)
Газет Қазақстан Республикасы Байланыс және Ақпарат Агенттігінде тіркеліп
№14611-Г «7» қараша
2014 жылы куәлігі берілген.
Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі
№1026-Г - 11.01.2000 ж.
Газет аптасына бір рет жарық көреді

ТАРАЛЫМЫ: 4000
Газет редакцияның компьютерлік орталығында теріліп, беттелді. Газет Қызылорда қаласындағы «PRINT» баспаханасында басылды.
Мекен-жайы: Қызылорда қаласы, А.Байтұрсынов көшесі, №49
Таралу аумағы:
Қазақстан Республикасы
Тапсырыс

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.
Қолжазбалар өңделеді және авторларға қайтарылмайды.
Газет материалдарын көшіріп басу үшін міндетті түрде редакцияның рұқсаты керек.
Сурет сапасына редакция жауап бермейді

Жолдау-2026

ЖОЛДАУ ЖЫЛДАМ ЖҮЗЕГЕ АСАДЫ...

Инфрақұрылымды дамыту және «Халықтық құрылыс». Президенттің тапсырмасына сәйкес 2029 жылдың соңына дейін еліміздің барлық өңірінде әлеуметтік, көлік және инженерлік инфрақұрылым жобаларын жүзеге асыруға Ұлттық қордан шамамен 6,5 трлн. теңге бағыттау көзделген.

Бұл бағыттағы жұмыстар Инфрақұрылымды дамыту қоры аясында жүзеге асырылуда. Қазіргі таңда жалпы құны 1,5 трлн. теңгені құрайтын 262 жоба мақұлданған. Оның ішінде 122 жобаны іске асыруға 497 млрд. теңге бөлінген.

Азаматтарымыз толыққанды әлеуметтік инфрақұрылыммен қамтылуы керек. Бұл – халықтың тұрмыс сапасын көтерудің маңызды шарты. Сондықтан басты назарды инфрақұрылым құру ісіне аударамыз.
Бұған дейін де айттым: Қазақстан ауқымды құрылыс алаңына айналуға тиіс. Мәселе жекелеген жобаларға қатысты болып отырған жоқ.
Жалпы, барлық аймақта жаппай құрылысты бастап, жандандыру қажет.
Бірінші кезекте, жан-жақты зерттеу және талдау жүргізіп, облыстардың денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет және спорт нысандарына деген қажеттілігін егжей-тегжей анықтау жұмысын тез арада толығымен бітіру керек.
Біз ауыл-аймақтарды дамыту мәселесін әрдайым ерекше бақылауда ұстаймыз. Ауылдағы тұрғындардың лайықты өмір сүруі үшін барынша жағдай жасап отырмыз.
(Жолдаудан)

Қаражаттың басым бөлігі халықтың күнделікті өміріне тікелей әсер ететін әлеуметтік және инженерлік нысандардың құрылысына жұмсалады.

Атап айтқанда денсаулық сақтау саласында 344 млрд. теңгеге 41 жоба іске асырылады. Оның аясында жаңа ауруханалар, емханалар, перинаталдық орталықтар мен перзентханалар салу жоспарланған.

Мәдениет, туризм және спорт саласына 266 млрд. теңге бөлініп, 23 нысанның құрылысы жүргізіледі. Білім беру саласында 101 млрд. теңгеге 28 жоба жүзеге асады. Олардың қатарында мектептер мен көпфункционалды кешендер бар.

Көлік инфрақұрылымын дамытуға 369 млрд. теңге қарастырылып, 48 жоба іске асырылады. Ал сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін жаңғыртуға 284 млрд. теңге бағытталып, 55 нысан қамтылады. Жылумен және газбен жабдықтау саласында 136 млрд. теңгеге 67 жобаны жүзеге асыру көзделген.

Үкіметтің мәліметінше инфрақұрылымды жаңғыртуға бағытталған қаражаттың тиімді жұмсалуы ерекше бақылауда болады. Осы мақсатта арнайы мемлекеттік комиссия құру мәселесі де қарастырылған.

Көлік-логистика әлеуеті артады. Қазақстанның транзиттік мүмкіндіктерін кеңейту және көлік инфрақұрылымын жаңғырту экономиканы дамытудың маңызды бағыттарының бірі болып отыр.

Логистика инфрақұрылымын дамытуға баса мән беру қажет. Бұл – еліміздің өсіп-өркендеуіне ықпал ететін маңызды фактордың бірі.
Қазіргі таңда логистика мәселесімен барлық елдер айналысуда. Дамыған көлік логистикасы болмаса, тіпті, бүгінгі күшті ел ертең құрдымға кетеді.
Келесі жылы елімізде «Бақты – Аягөз» теміржол желісі іске қосылады. Жаңа бағыттың арқасында Қытаймен арадағы жүк өткізу мүмкіндігі 20 миллион тоннаға артады.
Тамыз айында «Арал – Каспий» күре жолының құрылысы басталды. Бұл жоба Транскаспий дәлізінің қашықтығын шамамен 1 мың шақырымға қысқартып, жүк жеткізу мерзімін үш күнге дейін азайтады.
Үкімет осы салада қолға алынған барлық жобаның сапалы, әрі уақтылы орындалуын қатаң бақылауға алады.
Қазір әлем логистикасы ауқымды өзгерістер және қарқынды даму кезеңін бастан өткеріп жатыр.
(Жолдаудан)



Баспасөз конференциясында Нұрлыбек Нәлібаев аталған салалар бойынша жыл басынан атқарылған жұмыстарды пысықтап, Жолдау негізінде жасалатын жұмыстарды тиянақты жеткізді. Одан бөлек брифинг барысында жрунлаистердің сауалдарына да жауап берді.

Журналист: Қазақстанда сирек металдарды игеру саласына шетелдік компаниялар, соның ішінде Қытай инвесторлары көптеп келіп жатыр. Олардың қызметі елдің ұлттық мүддесіне қаншалықты сай келеді?

Нұрлыбек Нәлібаев: Үкімет бұл мәселелердің барлығын қарап жатыр. Ең алдымен мемлекеттің мүддесі ескеріледі. Шетелдің озық технологияларын елімізге енгізуіміз қажет. Соның нәтижесінде жаңа жұмыс орындары ашылып, салық түсімдері көбейеді. Қытайдың технологиялық мүмкіндіктері қазіргі уақытта өте жоғары. Оның технологиялары еліміздің өңірлерінде де қолданылып жатыр. Алайда барлық жағдайда Қазақстанның ұлттық мүддесі бірінші кезекте тұрады.

Мұндай мәселелерді заңгерлер мен арнайы комиссиялар қарайды. Шешімді бір адам, немесе бір министрлік қабылдамайды. Ең алдымен жобаның мемлекет үшін тиімділігі бағаланады.

Журналист: Арал – Каспий автожолының құрылысы қандай мақсатта жүргізіліп жатыр? Жоба қашан аяқталады? Қызылорда мен Ақтөбені байланыстыратын жолдың ерекшелігі қандай?

Нұрлыбек Нәлібаев: Қазір бірнеше ірі жол жобасы жүзеге асырылып жатыр. Олардың қатарында Арал – Каспий, Сексеуіл – Ұлғайсын, Ұлғайсын – Ақтөбе және Сексеуіл – Қызылорда бағыттары бар.

Жобалардың құрылысын өз көзіммен көріп қайттым. Қазір құрылыс алаңдарында 500-ден астам техника мен 1 мыңға жуық адам жұмыс істеп жатыр.

Арал – Каспий автожолының басты ерекшелігі – бұл бұрыннан бар жолды қайта жаңғырту емес, құмды дала арқылы салынатын жаңа бағыт. Жол Арал ауданының Сексеуіл кентінен басталып, Бейнеу арқылы Ақтауға дейін жалғасады. Нәтижесінде Аралдан таңертең шыққан жолаушылар кешке Ақтауға жету мүмкіндігіне ие болады. Ал Қызылорда – Ақтөбе бағыты бойынша жалпы ұзындығы шамамен 1 200 шақырым болатын жол салынады. Жобаның жалпы құны 2,2 трлн. теңгеден асады.

Барлық құрылыс жұмыстарын 2026–2029 жылдары аяқтау жоспарланған.

Журналист: Қазақстанның шекаралық өткізу бекеттерін жаңғырту жұмыстары қашан аяқталады?

Нұрлыбек Нәлібаев: Қазіргі уақытта еліміздегі 37 автомобиль өткізу пунктін жаңғырту жұмыстары жүргізіліп жатыр. Оларды 2027 жылдың соңына дейін аяқтау жоспарланған. Сонымен бірге мемлекеттік шекарадан бастап халықаралық автомобиль дәліздерінің бойында жол бойындағы инфрақұрылымды дамыту жұмыстары қолға алынған. Бұл жүк тасымалдаушыларға қолайлы жағдай жасауға және шекарадан өту мүмкіндігін арттыруға бағытталған.

Журналист: Қазақстанда мұнай өндіру көлемінің төмендеуіне не себеп болды және өндіріс көлемін қалпына келтіру үшін қандай шаралар қабылданады?

Нұрлыбек Нәлібаев: Жыл басынан бүгінге дейін елімізде 69,4 млн. тонна мұнай және 47,4 млрд. текше метр газ өндірілді. Өткен жылмен салыстырғанда өндіріс көлемінің төмендеуі байқалады. Бұған сыртқы факторлар, атап айтқанда, Каспий құбыр консорциумына ұшқышсыз ұшу аппараттарымен жасалған шабуылдар және Теңіз кен орнындағы өрт себеп болды. Өндірістегі шығындардың орнын толтыру мақсатында Теңіз және Қашаған кен орындарында жоспарланған жөндеу жұмыстары жүргізілмек.

Журналист: Қазақстанда мұнай өндеу көлемін арттыру үшін қандай жобалар жүзеге асырылады? Жаңа мұнай өңдеу зауыты салына ма?

Нұрлыбек Нәлібаев: Қолданыстағы үш мұнай өңдеу зауытының өндірістік қуатын арттыру жоспарланып отыр.

Шымкент мұнай өңдеу зауытының қуатын жылына 6 млн. тоннадан 12 млн. тоннаға, Павлодар мұнай-химия зауытын 5,5 млн. тоннадан 9 млн. тоннаға, Атырау мұнай өңдеу зауытын 5,5 млн. тоннадан 6,7 млн. тоннаға дейін жеткізу көзделген. Бұдан бөлек, Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес жылына 10 млн. тонна мұнай өңдейтін жаңа зауыт салу мәселесі қарастырылып жатыр.

Журналист: Қазақстанда жаңа әуежайлар қай өңірлерде салынады? Халықаралық әуе қатынасы қалай кеңейеді?

Нұрлыбек Нәлібаев: Қазір Алматы және Үржар әуежайлары жаңғыртылып, Шымкентте екінші ұшу-қону жолағы салынып жатыр. Павлодар әуежайының ұшу-қону жолағы қайта жаңғыртылып, Арқалық әуежайы ашылды. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес Зайсан, Катонқарағай және Кендірлі үш жаңа әуежай салынуда. 30 қарашада Алматы – Токио бағытында алғашқы тікелей рейс ашылады. Ал, келесі жылы Вена, Нью-Йорк, Милан және басқа да бағыттар бойынша әуе қатынасын жолға қою жоспарланған.

мобиль жолдарының жақсы жағдайдағы үлесін 95 пайызға жеткізу жоспарлануда. Сонымен қатар көлік саласындағы басқару мен қызмет көрсету жүйесін жетілдіру жұмыстары жүргізілуде. Туризм мен өңірлік байланысты дамыту мақсатында Зайсан, Катонқарағай және Кендірлі бағыттарында үш жаңа әуежай салу жұмыстары қолға алынған. Бұған қоса ұлттық жүк әуе тасымалдаушысы «Air Cargo» құрылды. Көлік қызметтерін бір жүйеге біріктіру үшін «Е-Көлік» бірыңғай зияткерлік платформасы іске қосылуда. Бұл бастамалар жүк тасымалын үйлестіруге, транзиттік операцияларды жеңілдетуге және саланың тиімділігін арттыруға бағытталған.

Энергетикалық қуаттарды ұлғайтуға басымдық беріледі. Үкімет басшысының бірінші орынбасары Нұрлыбек Нәлібаевтың мәлімдеуінше 2029 жылды қоса алғанда елімізде жалпы қуаты 13,3 ГВт болатын жаңа энергетикалық қуаттарды іске қосу жоспарланған. Оның 7,4 ГВт-ы базалық генерацияға, 5,9 ГВт-ы жаңартылатын энергия көздеріне тиесілі. Жоспарланған жобалардың толық жүзеге асуы электр энергиясының тапшылығын жоюға және елде 20 пайыздық профицит қалыптастыруға мүмкіндік береді. Бұл ретте дәстүрлі энергетикалық қуаттарды дамыту мен жаңартылатын энергия көздерін кеңейту қатар жүргізілмек. Негізгі мақсат – экономиканың өсіп келе жатқан сұранысын қамтамасыз етіп, энергетикалық тәуелсіздікті нығайту.

Қазіргі жағдайда қуат көзінің жеткілікті деңгейде болуы әр мемлекеттің бәсекеге қабілетін, тіпті экономикалық дербестігін айқындайтын шешуші факторға айналды.
Осы кезеңді шын мәнінде «электр дәуірі» деп айтуға болады. Қазақстан өзінің шикізаттық артықшылығын энергетикалық және технологиялық тұрғыдан өрлеу үшін пайдалануға тиіс. Бұл – айрықша маңызды міндет.
Ашығын айтсақ, бұл тұста қордаланған мәселе өте көп.
(Жолдаудан)

Өңдеу өнеркәсібінде өсім байқалады. Отандық өндірісті дамыту, импортқа тәуелділікті азайту және қазақстандық кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру – Үкіметке тиесілі негізгі бағыттарының бірі.

Биылғы тоғыз айда өңдеу өнеркәсібінің өсімі 8,6 пайызды құрап, өндіріс көлемі 24,2 трлн. теңгеге жеткен. Саланың жалпы ішкі өнімдегі үлесі 14 пайыздан асты. Биылғы жылы құны шамамен 1,7 трлн.

Бұдан бөлек ауыл шаруашылығы өнімдерін терең өңдеу ісін дамытуға баса мән берген жөн. Қазірдің өзінде бұл бағытта табысты жобалар бар.
Мәселен, Қызылорда облысының шаруалары қатаң климатқа қарамастан жүгері мен соя өсіріп, оны өңдеумен айналысады. Ал Түркістан облысында қытай компаниясы суды тиімді пайдаланатын заманауи мақтатоқыма кластерін құрып жатыр. Үкімет осындай озық тәжірибелердің ел аумағында кең тарауына жағдай жасап, инвесторларға уақтылы қолдау көрсетуі керек.
(Жолдаудан)

Өндірістік жобаларды іріктеу мен бағалаудың жаңа әдістемесі де бекітілген. Енді әрбір жоба нарықтағы нақты сұранысқа, қолданыстағы кәсіпорындардың өндірістік қуатына және қажетті ресурстардың қолжетімділігіне қарай қаралады.

Сонымен қатар ірі өнеркәсіптік кәсіпорындар мен шағын және орта бизнес арасындағы байланысты нығайту мақсатында өндірісті дамытудың жаңа әдісі енгізілуде. Бұл бастамалар отандық кәсіпорындардың өндірістегі үлесін арттырып, ішкі нарықтағы қазақстандық өнімнің көлемін ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Мұнай-газ өндірісіндегі көрсеткіштер және жаңа жобалар. Мұнай-газ саласында өндіріс көлемін сақтау, мұнай өңдеу қуатын арттыру және газды терең өңдеу бағытында бірқатар жоба жүзеге асырылуда.

Биылғы тоғыз айда елімізде 69,4 млн. тонна мұнай және 47,4 млрд. текше метр газ өндірілген. Алайда өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда өндіріс көлемінің төмендегені байқалады. Премьер-министрдің бірінші орынбасары Нұрлыбек Нәлібаевтың мәлімдеуінше өндірістегі шығындардың орнын толтыру мақсатында Теңіз және Қашаған кен орындарында жоспарлы жөндеу жұмыстары жүргізіледі.

Сонымен қатар мұнай өндіру көлемін арттыруға бағытталған жобалар жалғасуда. Атап айтқанда 2025 жылы Теңіз кен орнында іске қосылған Келешек кеңейту жобасы жылына қосымша 12 млн. тонна мұнай өндіруге мүмкіндік береді. Ал ағымдағы жылдың соңына дейін Қарашығанақ кен орнында газды кері айдауға арналған алтыншы компрессорды іске қосу жоспарланған. Бұл мұнай өндіру көлемін жылына 10–11 млн. тонна деңгейінде ұстап тұруға жағдай жасайды.

Мұнай өңдеу саласында да ауқымды жоспарлар бар. Биылғы тоғыз айда 14,1 млн. тонна мұнай өңделіп, 11,9 млн. тонна мұнай өнімі өндірілген.

Қолданыстағы мұнай өңдеу зауыттарының қуатын арттыру көзделіп отыр. Атап айтар болсақ, Шымкент мұнай өңдеу зауытының жылдық қуатын 6 млн. тоннадан 12 млн. тоннаға дейін, Павлодар мұнай-химия зауытын 5,5 млн. тоннадан 9 млн. тоннаға дейін, ал Атырау мұнай өңдеу зауытын 5,5 млн. тоннадан 6,7 млн. тоннаға дейін кеңейту жоспарланған. Бұдан бөлек жылына 10 млн. тонна мұнай өңдейтін жаңа зауыт салу мәселесі қарастырылуда. Бұл жобалар еліміздің мұнай өнімдеріне деген ішкі сұранысын қамтамасыз етуге және өңдеу саласының мүмкіндіктерін кеңейтуге бағытталған.

Газдандыру деңгейі 80 пайызға жеткізіледі. Үкімет басшысының бірінші орынбасары Нұрлыбек Машбекұлының мәлімдеуінше 2035 жылға қарай елімізді газдандыру деңгейін 80 пайызға жеткізу көзделген. Биылғы жылдың қорытындысы бойынша бұл көрсеткіш 64,3 пайызға жетіп, 13,2 млн. адамның табиғи газды пайдалануына мүмкіндік жасалады деп күтілуде.

Газ өңдеу инфрақұрылымын дамыту аясында 2027 жылы Қашаған кен орнында жылына 1 млрд. текше метр, ал Жаңаөзен қаласында 0,9 млрд. текше метр газ өңдейтін зауыттарды іске қосу жоспарланған. Сонымен қатар 2029–2030 жылдары Қашаған кен орнында қуаты жылына 2,5 млрд. текше метр және Қарашығанақ кен орнында 5 млрд. текше метр болатын газ өңдеу зауыттары пайдалануға беріледі.

Қазақстан – минералдар мен шикізатқа бай мемлекет. Бұл – біз үшін стратегиялық жетістік. Сондықтан геологиялық барлау тәсілдерін түбегейлі өзгерту қажет. Жаңа кен орындарын бұрынғы заманнан қалған әдістермен іздеу оң нәтиже бермейтіні анық. Қазіргі таңда геологияны жоғары технологиялық сала ретінде мойындауымыз керек. Бізге озық технологиялардың көмегімен еліміздің жер қойнауын толыққанды зерттеп, деректердің ашықтығын және қолжетімді болуын қамтамасыз ету өте маңызды. Жаңа кен орындарын іздеу және барлау үдерісіне жеке қаражатты белсенді тартқан жөн.
(Жолдаудан)

Аса маңызды материалдар және геологиялық барлау. Еліміздің өнеркәсіптік әлеуетін арттыру және жоғары технологиялық өндірістерді дамыту мақсатында аса маңызды материалдар саласына ерекше назар аударылуда. Осы бағытта Астана қаласында аккумуляторлар, жартылай өткізгіштер мен магниттер өндірісін дамытуға арналған Ұлттық зертхана құрылады. Зертхананың негізгі міндеті – аса маңызды материалдарды зерттеу, оларды өңдеу технологияларын жетілдіру және отандық өндірістің ғылыми-технологиялық базасын қалыптастыру. Сонымен қатар геологиялық барлау жұмыстарына жасанды интеллект технологиялары енгізілуде.

Дайындаған А.ӘЛИАРЫСТАН

ҚҰРЫЛЫС НЫСАНДАРЫН АРАЛАДЫ

Қызылорда облысы әкімі Мұрат Ергешбаев жауапты сала басшыларымен бірге қаладағы құрылыс нысандарын аралады.

Алдымен сол жағалаудағы бір ауысымда 100 келушіге қызмет көрсететін емханасы бар 300 төсектік көпбейінді ауруханадағы қазіргі жұмыс барысымен танысты. Кешен құрылысы Инфрақұрылымдық даму қоры арқылы республикалық бюджеттен қаржыландырылған. «Мелиоратор» ЖШС салып жатқан нысан 10 блоктан, атап



айтқанда, қабылдау, реанимация, химиотерапия, операция, радиология, емхана, пансионат, физиотерапия және басқа да бөлімдерден тұрады. Қазіргі уақытта ғимараттың іші әрленіп, инженерлік желілері тартылуда.

Қалада құрылысы қарқын алған тағы бір медициналық мекеме – Титов шағын ауданындағы 400 келушіге арналған № 5 емхана. Жалпы ауданы 8 937 шаршы метр болатын ғимаратты салуға 9,7 млрд. теңге бөлінген. Мұнда да ішкі әрлеу, инженерлік желілерді тарту жұмыстары жүріп жатыр. Жыл соңына дейін пайдалануға беріледі.

Аймақ басшысы Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті Инжинирингтік паркінің құрылыс алаңына да барды.

«Орион LTD» ЖШС салып жатқан нысан археологиялық, инженерлік, робототехника, жерді қашықтан зондтау, IT зертханалармен, академиялық басымдық және жасанды интеллект орталығымен, компьютерлік аудиториялар, 90 орындық дәрісхана, 140 орындық конференц-залымен қамтылған.

Мемлекет басшысының Ұлттық құрылтайдағы тапсырмасына сәйкес Қызылордада 600 мың кітап қорын сақтауға арналған Президенттік кітапхана құрылысы басталды. Кітапхана ғимаратында конференция, оқу, тарих және басылым, архив және сирек қор залдары, электрондық кітапхана, әлем әдебиеті бөлімі, өнер, көрме галереялары, медиалаборатория, балалар аймақтары, коворкинг, фудкорт, қалпына келтіру шеберханасы, типография орналасады. Бүгінде жер қазылып, іргетасын құю жұмыстары жүруде.

Жанқожа батыр көшесі арқылы өтетін теміржол өткелінің құрылыс барысы да назардан тыс қалмады. Көпір пайдалануға берілген соң, теміржолдың арғы бетіндегі Шанхай, Коммунизм, Гагарин шағын аудандары тұрғындарының көлік қатынасы едәуір жеңілдейді.

Мұрат Нәлқожаұлы сенбілікке шыққан жұртшылықпен кездесіп, тазалыққа үлес қосып жүрген азаматтарға алғысын білдірді.

ЖАСТАР САНЫ БОЙЫНША РЕСПУБЛИКАДА 9 ОРЫНДАМЫЗ

Қызылорда облысы әкімі Мұрат Ергешбаевтың төрағалығымен NEET санатындағы жастар мәселелері талқыланған мәжіліс өтті.

Онда аймақ басшысы осы санаттағы жастарды қолдаудағы жүйелі шаралардың маңызын атап өтті.

– «Мемлекет басшысының Қазақстан халқына арнаған Жолдауында жастардың білім алуына, мамандық игеруіне және жұмыспен қамтылуына қолайлы жағдай жасау үшін нақты міндеттер айқындалды. Бүгінде облысымызда 249 401 жас бар. Бұл – халықтың 29,4 пайызы, жастар саны бойынша республикада 9 орындамыз.

Аталған санаттағыларды анықтау және жүйелі әрі кешенді жұмыс жүргізу назардан тыс қалмауы қажет. Қызылорда қаласы және аудан әкімдерімен бірлесіп, «Отбасылық цифрлық картасы» ақпараттық жүйесінде NEET санатындағы жастарды толық өзектендіріп, жыл соңына дейін әлеуметтік портретін айқындауды тапсырамын.

Тағы бір маңызды мәселе – жастарға арналған бағдарламалардың жүзеге асуы. Олардың әлеуметтік бейімделуі тікелей мемлекеттік бағдарламалар мен жобалардың төңірегінде атқарылуы қажет.

Жұмыссыздарды азайту үшін оларды белгілі бір кәсіпке бейімдеп, қысқа мерзімді оқытуларға жолдап, бос уақытын тиімді ұйымдастыруымыз қажет. Бұл ретте қала және аудан әкімдері, әр жастың әлеуметтік жағдайын, тұрмыс-тіршілігін толық зерделеңіздер», – деді Мұрат Нәлқожаұлы.

Жиында облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Руслан Қаюпов баяндама жасады.

Өткен 9 айда өңірде жастарды жан-жақты қолдау бағытында 1 537 шара ұйымдастырылып, 45 мыңға жуық адам қамтылған. Сондай-ақ, әлеуметтендіру бағытында 57 мәрте «Мүмкіндіктер алаңы» шарасы өткізіліп, 2 мыңға жуық бос жұмыс орны ұсынылды.

Облыс әкімі жауапты сала басшыларына игі бастаманы жалғастыруды, тағы бірқатар нақты міндетті жүктеді.

АРДАГЕРЛЕР КӨШБАСШЫСЫНЫҢ МЕРЕЙТОЙЫ

Қызылорда облысы әкімі Мұрат Ергешбаев облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы, Қызылорда облысының Құрметті Азаматы, «Құрмет» және «Парасат» ордендерінің иегері Серік Дүйсенбаевты 75 жасқа толған мерейтойымен құттықтады. Оның өңірдің дамуына және қоғамдық келісімді нығайтуға қосқан үлесін атап өтіп, өнегелі еңбек жолына тоқталды.

– «Сыр өңірінің шежірелі тарихында туған жерінің өркендеуіне күш-жігерін арнаған, қай салада қызмет етсе де, ел мүддесін, жауапкершілікті жеке бас мүддесінен жоғары қойған азаматтар аз емес.

Солардың қатарында саналы ғұмырын адал еңбекке, қоғамның дамуына, ел ішіндегі ынтымақ пен ұрпақтар сабақтастығын нығайтуға арнап келе жатқан Серік Әбішұлы Дүйсенбаевтың орны ерекше.

Ағамыздың көп жылғы жемісті еңбегі мемлекет тарапынан жоғары бағаланып, «Құрмет» және «Парасат» ордендерімен марапатталды. Бұл – ел дамуына сіңірген еңбегіне, қоғам алдындағы абыройы мен беделіне берілген лайықты баға.

Бүгінде ардагер қауымының көшбасшысы ретінде аға буынның



Серік Әбішұлы қоғамдық қызметте де белсенділік танытып, 2017-2025 жылдары Қызылорда қалалық қоғамдық кеңесінің төрағасы болды. Осы кезеңде қоғам мен билік арасындағы байланысты нығайтуға, азаматтық бастамаларды қолдауға және қоғамдық бақылау жұмыстарына елеулі үлес қосты.

өмірлік тәжірибесін кейінгі ұрпаққа жеткізу жолында қажырлы еңбек етіп келесіз. Өнегелі өмір жолыңыз, елге деген жанашырлығыңыз бен адал қызметіңіз жас ұрпаққа әрдайым үлгі», – деді Мұрат Нәлқожаұлы.

Басқосуда мерейтой иесіне Премьер-министрдің бірінші орынбасары Нұрлыбек Нәлібаевтың және облыс әкімінің құттықтаулары табысталып, дәстүрге сай сый- құрмет көрсетілді.

Мемлекет және қоғам қайраткері Әбілғазы Құсайынов пен мемлекет және қоғам қайраткері Бекмырза Еламанов, қаржы саласының ардагері Дайрабай Ысқақов ізгі лебіздерін жеткізді.

Серік Әбішұлы 1951 жылы 6 қарашада Шиелі ауданында дүниеге келген. Жамбыл жеңіл және тамақ өнеркәсібі технологиялық институтында инженер-механик, Қызылорда гуманитарлық университетінде қаржыгер мамандықтары бойынша білім алған.

Еңбек жолын «Қызылорда нан өнімдері» өндірістік бірлестігінде инженер-механик болып бастап, бас механик, бас инженер, директордың орынбасары қызметтерін атқарды. Аталған кәсіпорынның бас директоры ретінде өндіріс жұмысын басқарды.

Одан кейінгі жылдары кәсіпкерлік, коммуналдық шаруашылық, жергілікті басқару және әлеуметтік салаларда жауапты қызметтер атқарды. «Ел ырысы» серіктестігінің басшысы, Қызылорда ауданаралық жылу орталығының директоры, Қызылорда қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы, Қосшыңырау ауылдық округінің әкімі болды.

2013-2018 жылдары қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімін басқарып, халықтың әлеуметтік жағдайын жақсарту, мұқтаж азаматтарды қолдау бағытында еңбек етті.

Сонымен қатар қалалық мәслихаттың бірінші және үшінші шақырылымдарының депутаты ретінде өзекті мәселелерді көтеріп, жергілікті өкілді органның жұмысына белсене қатысты.

ӘСКЕРИ БӨЛІМДЕРДІҢ ӘЛЕУЕТІ ҚАНДАЙ?

Қызылорда облысы әкімі Мұрат Ергешбаев Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланы Бас қолбасшысының орынбасары Бекайдар Қазкеевті қабылдады.

Кездесуде өңірдегі әскери бөлімдердің тыныс-тіршілігі, материалдық-техникалық базасы мен инфрақұрылымын жаңғырту мәселелері талқыланды.

– «Өздеріңізге белгілі, облыс аумағында Шекара қызметі департаменті, Қорғаныс министрлігіне қарасты 66597 және 99215 әскери бөлімдері, сондай-ақ Ұлттық ұланның 5547 әскери бөлімі бар.

Қазан айында аталған әскери бөлімдерді арнайы аралап, жұмысымен танысып шықтым. Инфрақұрылымды, материалдық-техникалық базаны жаңартуға қатысты мәселелер анықталды. Осыған байланысты жергілікті демеушілерді тарта отырып, жұмыстарды қолға алдық.

Ұлттық ұланның 5547 әскери бөлімі – Қызылорда гарнизонындағы ірі әскери бөлімдердің бірі. Мұнда мыңнан астам әскери қызметші ел тыныштығы мен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жолында абыройлы қызмет атқарып келеді.

Сондықтан әскери бөлімдердің әлеуетін арттырып, инфрақұрылымы мен материалдық-техникалық мүмкіндіктерін заман талабына сай дамыту – біздің ең басты міндетіміз. Бұл бағыттағы жұмыстар тікелей бақылауымда болады», – деді Мұрат Нәлқожаұлы.

Кездесуде қоғам тұрақтылығын сақтау, әскери бөлімдердің инфрақұрылымын дамыту, заман талабына сәйкестендірудегі жұмыстарға жоғары баға берілді.

КӨМІР ҚОРЫН ТОЛЫҚТЫРУДА ҚЫЗЫЛОРДА АЛҒАШҚЫ ОРЫНДА

Үкімет басшысы Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында жылу беру маусымының барысы және өрт қауіпсіздігі мәселелері қаралды. Оған облыс әкімі Мұрат Ергешбаев селекторлық режим арқылы қатысты.

Елімізде жылу беру маусымы штаттық режимде өтуде. Тұтынушылар және коммуналдық-тұрмыстық сектор көмірмен қамтамасыз етілген. Көмір қорын толықтыруда Қызылорда облысы республикада алғашқы орында. Қазір қоймаларға қажетті қордың 82 пайызы жеткізілген.

Тұрғын үй секторындағы өрттің алдын алу шаралары күшейтіліп, цифрлық форматқа көшуде. Профилактиканың тиімділігін арттыру үшін «Тұмар 112» цифрлық қосымшасы әзірленіп жатыр.

Үкімет отырысынан кейінгі мәжілісте аймақ басшысы жылу маусымын тұрақты әрі үздіксіз өткізуге қатысты нақты тапсырмалар берді.

Өңірдегі 1079 әлеуметтік нысан мен 943 көпқабатты тұрғын үй орталықтандырылған жылу жүйесіне қосылған.

Бүгінде жылу энергиясы көздері арқылы сағатына 205 мегаватт электр энергиясы және 154 гигакалория жылу энергиясы, жаңа жылу электр орталығында екі газ турбиналық қондырғы арқылы 172 мегаватт электр энергиясы өндірілуде.

Жылу маусымына 80 мың тонна көмір қажет болса, оның 68 мың тоннасы тұрғындарға, 12 мың тоннасы әлеуметтік нысандарға арналған. Қазіргі уақытта өңірлік операторлар көмір қорын толықтыруды бекітілген кестеге сәйкес жүргізуде.

«Жылу маусымының тұрақты өтуін қамтамасыз ету – басты міндеттердің бірі. Бұл ретте инженерлік желілердің үздіксіз жұмыс істеуі, тұрғын үйлерге және әлеуметтік нысандарға жылудың талапқа сай жеткізілуі басты назарда болуы тиіс.

Осыған сәйкес қала, аудан әкімдері және барлық мекеме басшылары, тұрғын үйлер мен өздеріңізге қарасты нысандардың жылумен қамтамасыз етілуін жеке бақылауға алыңыздар. Кезекші бригадалардың дайындығын күшейтіп, қажетті материалдық-техникалық қордың жеткілікті болуын қадағалаңыздар.

Бұдан бөлек, жер қазу кезінде инженерлік желілердің зақымданбауын қатаң бақылауға алыңыздар, өрт қауіпсіздігіне мұқият болыңыздар. Қызылорда қаласы және аудан әкімдері төтенше жағдайлар департаментімен бірлесіп, оқыс оқиғалардың алдын алуда шұғыл әрі кешенді шаралар қабылдаңыздар», – деді Мұрат Нәлқожаұлы.

Мәжілісте «Ауыл құтқарушылары» жобасы аясындағы өрт бекеттерінің құрылысын жеделдету, санитарлық тазалықты сақтау және көгалдандыру жұмыстарын жүйелі жүргізу тапсырылды.



ЖҮГЕРІ КЕПТІРУ ЖӘНЕ САҚТАУ КЕШЕНІ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Сырдария ауданында жүгері кептіру және сақтау кешені ресми түрде іске қосылды.

Оған облыс әкімі Мұрат Ергешбаев, облыс прокурорының міндетін атқарушы – инвестициялық омбудсмен Нұрболат Дүйсенбаев, «Қызылорда крахмал-сірне зауыты» серіктестігінің құрылтайшысы Закиржан Кузиев, зиялы қауым өкілдері мен ел ағалары қатысты.

Мемлекет басшысы халыққа арнаған Жолдауында су ресурстарының тапшылығын жою үшін жүйелі әрі батыл шаралар қабылдауды тапсырғаны белгілі.

– «Ең алдымен, суды тиімді және үнемдеп пайдалану қағидаттарының жаппай сақталуын қамтамасыз ету керек. Қазіргі заманда бұл ресурстың мән-маңызы айрықша.

Бұдан бөлек ауыл шаруашылығы өнімдерін терең өңдеу ісін дамытуға баса мән берген жөн. Қазірдің өзінде бұл бағытта табысты жобалар бар. Мәселен, Қызылорда облысының шаруалары қатаң климатқа қарамастан жүгері мен соя өсіріп, оны өңдеумен айналысады», – деп өңірдегі бастамаларға оң баға берді.

Рәсімде аймақ басшысы аудан тұрғындарын құттықтап, жаңа кешеннің жұмысына сәттілік тіледі.

- «Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы өз Жолдауында агроөнеркәсіп кешенін жаңғырту, ауыл шаруашылығы өнімдерін сақтау және терең өңдеу мәселесін стратегиялық маңызы бар міндет ретінде айқындады.

Бүгін «Қызылорда крахмал-сірне зауытының» бірінші кезеңі аясында жүгері кептіру және сақтау кешені іске қосылуда. Бұл жоба – егін шаруашылығын әртараптандыруға, жүгері егісі көлемін арттыруға бағытталған бірегей бастама.

Биыл өңірде суды аз қажет ететін, өнімділігі жоғары жүгері дақылын егу қарқын алған. Биыл 11 мың гектарға егіліп, 60 мың тоннадан астам өнім жиналды. «Таң ЛТД» серіктестігі су үнемдеу технологиясымен, «Ақтөбе және К» шаруашылығы дәстүрлі суару арқылы жүгері егуде. Жалағаш ауданында швейцариялық «Harvest Argo» компаниясының 21 мың гектарға жүгері және соя егу жобасы басталды. Жүгері алқаптарын ұлғайту мақсатында арнайы Жол картасы бекітіліп, келесі жылы 28 мың гектарға егу жоспарланып отыр.

Өздеріңізге белгілі, өңірдің экономикалық, экологиялық жағдайы Сырдария өзенінің деңгейіне тікелей байланысты. Осы ретте, егісті әртараптандырып, су ресурстарын тиімді пайдалану – бүгінгі күннің басты талабы.

Президентіміздің суды көп қажет ететін дақылдар көлемін оңтайландыру тапсырмасына сәйкес, биыл 70 мың гектарға күріш егілді. Жалпы соңғы үш жылда күріш егісі 19 мың гектарға қысқарды.

Алда тұрған басты міндеттердің бірі – қалыптасқан егіншілік жүйесін заман талабына сай бейімдеуді жалғастыру.

Баршаңызды жаңа кешеннің ашылуымен құттықтаймын!

Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!», – деді Мұрат Нәлқожаұлы.

Рәсімде Нұрболат Дүйсенбаев, Закиржан Кузиев, ел ағасы Сұлтанбек Тәуіпбаев сөз сөйлеп, жобаны жүзеге асырған азаматтар облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.



Қызылорда десе, көпшіліктің ойына аптап ыстық, құрғақшылық, тұзды топырақ пен су тапшылығы келеді. Мұндай табиғи ерекшеліктер өңірдегі ауыл шаруашылығына өзіндік қиындықтар туғызатыны белгілі. Дегенмен осындай жағдайда да өзгелер мүмкін емес деп санаған істі қолға алып, жақсы нәтижеге жетіп жүрген жандар бар. Соның бірі –жылыжай шаруашылығымен айналысып, Қызылордада лимон, банан, папайя, мандарин, кумкват секілді экзотикалық жемістер өсіріп отырған Ақерке Тәжекеева. Ол Қызылордада тропикалық жеміс өсіру мүмкін емес деген түсінікті тәжірибемен өзгертті.

ҚЫЗЫЛОРДАДА ТРОПИКАЛЫҚ ЖЕМІСТЕРДІ ӨСІРУ ОҢАЙ...

- Жылыжай шаруашылығына қанша жылдан бері ден қойып келесіз?

– Өзім қазіргі уақытта «Болашақ» университетінде аға оқытушымын. Ауыл шаруашылығы ғылымдарының магистрімін. Биолог-эколог мамандығында білім алып жатқан студенттерге сабақ беремін. Сонымен қатар университеттің жылыжайын басқарамын, меңгерушісімін. Жалпы жылыжай шаруашылығымен айналысқаныма 27 жыл болды. Ал университеттегі жылыжай жұмысын қолға алғаныма 10 жылға жуықтады.

– Қызылорда жағдайында экзотикалық жемістер өсіруге алғаш рет қашан қызығушылық таныттыңыз? Бұл істі бастауға не түрткі болды?

– Біздің алғашқы тәжірибеміз топырақсыз гидропоника әдісінен басталды. Алғашында жолдасым екеуіміздің шағын ғана жылыжайымыз болды. Көлемі шамамен үш метрге дейін жететін. Үйдің алдына шағын парник жасап, көшет өсіруден бастадық. Бастапқыда көшеттерді өзіміз тұқымнан өсірдік. Базардан дайын көшет сатып алмайтынбыз. Үйдің алдындағы шағын жылыжайда тұқым егіп, оны күтіп-баптап, әдемі көшеттер алатынбыз. Кейін жылыжайдың көлемін біртіндеп ұлғайттық. Алғашында қияр, қызанақ сияқты күнделікті тұтынатын көкөністерді өсірдік. Кейін бұрыш, баклажан және басқа да дақылдарды қолға алдық. Көктем мезгілінде көшет өсіріп, базарға апарып сататынбыз. Жылыжайдағы бос орындарды да тиімді пайдалануға тырыстық. Негізі Қызылорда облысының табиғи жағдайын ескерсек, жылыжай шаруашылығын дамытуға мүмкіндік бар. Біздің климатымыз Шымкент, Сарыағаш, Түркістан өңірлерінің ауа райына біршама ұқсас. Тіпті Талдықорған, Петропавл, Павлодар сияқты өңірлермен салыстырғанда күн сәулесі мол түседі. Бірақ соған қарамастан, Қызылордада жылыжай шаруашылығы әлі де кең көлемде дамымаған. Көпшілік жеріміз тұзды, суымыз ащы, желіміз қатты болғандықтан жылыжайда өнім алу қиын деп ойлайды. Әрине, мұның бәрін ескеру керек. Біз де алғашқы кезде түрлі қиындықтарға кездестік. Әсіресе, жылыжайдың құрылысын дұрыс жасау маңызды. Шымкенттік мамандар салған жылыжайлардың құрылымы біздің өңірдің қатты желіне төтеп бере алмайтын жағдайлар болды. Себебі әр аймақтың табиғи ерекшелігі әртүрлі. Сондықтан жолдасым екеуміз осы жұмысты тереңірек қолға алдық. Отбасымызбен жылыжай шаруашылығымен айналысамыз. Жылыжай салғысы келетін адамдарға да көмектесеміз. Құрылысын жүргізіп қана қоймай, кейін оны қалай пайдалану керектігін, қандай дақыл егуге болатынын, қалай күтіп-баптау қажеттігін үйретеміз.

Ал тропикалық жемістерді өсіру идеясы өзіміздің алғашқы тәжірибелеріміздің кейін пайда болды. Шағын жылыжайда жұмыс істесек те, жақсы өнім алдық. Бұл бізде жаңа қызығушылық тудырды. Осыдан бес-алты жыл бұрын Шымкент пен Сарыағашта лимон өсіріп жатқан шаруалар туралы естідім. «Оларда өсіп жатса, бізде неге өспейді?» деген ой келді. Сөйтіп, Шымкент пен Сарыағашқа арнайы барып, лимон өсіріп жатқан адамдармен сөйлестім. Сонда олар Қызылордада лимон өсіру қиын екенін айтты. «Сіздер жақта су ащы, жер тұзды, сондықтан лимон өспейді» деді. Мен оған «Сіздерде өсіп жатса, бізде неге өспеуі керек?» деген ойымды жеткіздім. Содан кейін он шақты лимон көшетін алдырып, өз жылыжайыма отырғыздым. Бұл менің алғашқы тәжірибем болды. Нәтижесінде лимондарымыз жақсы өсіп, жеміс берді. Сол кезде қатты қуандым. Өйткені көпшілік мүмкін емес деп жүрген нәрсенің біздің өңірде де жүзеге асатынын көрдік. Осыдан кейін лимон өссе, басқа жемістер де өсетін шығар деген ой келді.

– Алғашқы отырғызған өсімдігіңіз лимон болды. Одан кейін банан өсіруге көштіңіз. Бананның Қызылорда жағдайында жеміс бергені де таңғаларлық және жақсы...

– Иә, алғашқы тропикалық жеміс ағашымыз – лимон. Одан кейін банан өсіруге кірістік. Шымкент пен Сарыағаштағы диқандар банан өсіріп жатқанын көрген соң, біз де бірнеше түрін алдырып, тәжірибе жасадық. Банан да жақсы өсті. Ең қызығы, келесі жылы жеміс берді. Бананның ерекшелігі дұрыс күтім жасалса, өсіп-жетіліп, шамамен тоғыз айда жемісі піседі. Алғаш отырғызғаннан бастап есептегенде, келесі жылы өнім алуға мүмкіндік болды. Мысалы, лимон басында қанша өнім берсе, кейіннен одан артып көбейе береді. Бананымыз жеміс берген кезде қатты қуандым. Сол сәтте «Қызылордада банан пісіп жатыр» әлеуметтік желіге жарияладым. Содан кейін қызығушылық тіпті арта түсті. Қызылордалықтар ғана емес, Шымкенттегі таныстарым да таңғалды. Көп адам келіп көруге рұқсат сұрады. Әсіресе, банан ағашының үлкен жапырағын көргенде таңғалатындар көп. Кейбіреулер оны гүл деп ойлайды. Банан екенін айтқанда, жемісінің қалай өсетінін өз көздерімен көргісі келеді. Сол кезде адамдардың жылыжайға деген қызығушылығы маған да ерекше әсер етті. Қарапайым тұрғындар үшін бұл таңғаларлық жаңалық болғанымен, біз үшін ұзақ жылғы еңбектің нәтижесі.

– Қазіргі уақытта жылыжайыңызда жемістердің қандай түрлері өсіп жатыр?

– Қызығушылығым артып, тропикалық басқа да жемістерді өсіруді қолға алдым. Қазір жылыжайымызда лимон, банан, папайя, мандарин, кумкват, апельсин, пандероза, ананас сияқты өсімдіктер бар. Біздің жылыжайдағы өсімдіктер біртіндеп қалыптасқан ортаға бейімделді. Қазір олар бірдей температураға үйренді, суару мен қоректендіру жүйесін де соған қарай реттейміз. Сонымен қатар жылыжайда құлпынай, көкөністер және түрлі көшеттер өседі. Біз бос орын қалдырмауға тырысамыз. Жылыжайдың сөрелеріне дейін тиімді пайдаланамыз. Құлпынайдың да бірнеше түрін ектік. Қызым да осы жұмыстарға қызығушылық танытып, шоколадты құлпынай әзірледі.

– Алғашқы жемістің сапасы мен көлемі көңіліңізден шықты ма?

– Алғашқы лимон ағашымыз бізді қатты таңғалдырды. Біз өсірген лимонның ерекшелігі көлемі үлкен әрі дәмі өзгеше болды. Бұл кәдімгі лимоннан бөлек, мейер лимонына ұқсас, апельсинмен будандасқан түрі. Жемісі базардағы лимондардан екі есе үлкен болды. Ең бастысы, дәмі қышқыл болғанымен, қабығымен бірге жеуге болады. Кәдімгі лимонның ащылығына байланысты кейбір адамдар оны қабығымен жей алмайды. Ал біздің өсірген жемісіміздің дәмі өзгеше. Бір қызығы, жылыжайға келген адамдар лимон ағашын көріп, жемісін сатып алғысы келетін. Біз бастапқыда оны сатуды ойлаған жоқпыз. Әдемілік үшін қалдырдық. Бірақ келушілер қоймай сұраған соң, аздап сатуға тура келді. Мысалы, дүкенде лимонның бағасы 200-250 теңге болса, біз өз өнімімізді шамамен 500 теңгеден ұсындық. Сонда да адамдар бес-он түйірден сатып алуға өтініш білдірді. Өйткені көлемі де, дәмі де ерекше еді.

– Қызылорданың жазы ыстық, қысы суық климатында тропикалық өсімдіктерді өсіру қаншалықты қиын? Жылыжайда қажетті температура мен ылғалдылықты қалай сақтайсыздар?

- Біз ең алдымен жылыжайдың құрылысын жергілікті ауа райына бейімдеп салуға мән бердік. Қатты желге төтеп беруі керек. Қыста жылу жүйесі жұмыс істейді. Өсімдіктердің жағдайын үнемі бақылап отырамыз. Бір жақсысы, уақыт өте келе өсімдіктеріміз жылыжайдың ішкі жағдайына бейімделді. Қазір олардың барлығы бір температураға үйренген. Суару мен қоректендіру жұмыстарын да жүйелі жүргіземіз. Жылыжай шаруашылығында ең бастысы – өсімдікке қажетті жағдайды қалыптастыру және оны үздіксіз бақылау.

– Банан, папайя, лимон және кумкваттың қайсысын өсіру оңай, қайсысы көбірек күтімді қажет етеді?

– Жалпы бұлардың барлығын өсіруге болады. Менің тәжірибемде әрқайсысы жақсы нәтиже беріп келеді. Бастапқыда әр өсімдіктің ерекшелігін зерттеп, қажетті жағдайын жасадық. Мысалы, банан тез өседі. Папайя да - жылдам өсетін өсімдіктердің бірі. Лимонның жеміс беруі үшін көбірек уақыт қажет. Бірақ бұлардың ешқайсысы біз ойлағандай қол жетпейтін, аса қиын өсімдік емес екен. Бастысы – қорықпау, зерттеу, тәжірибе жасау және өсімдікке дұрыс күтім көрсету.

– Өсімдіктерді отырғызғаннан кейін алғашқы өнімді қанша уақытта алуға болады?



– Бұл әр жеміс ағашының ерекшелігіне байланысты. Мысалы, лимон отырғызғаннан кейін шамамен екі жылдан соң жеміс бере бастайды. Ал банан келесі жылы өнім беруі мүмкін. Бананның жемісі шамамен тоғыз айда піседі. Папайя да тез өседі. Біз оны отырғызғаннан кейін бір жыл ішінде жақсы өсіп, келесі жылы гүлдеп, түйнек сала бастады. Яғни, дұрыс жағдай жасалса, жемісі көп күттірмейтін өсімдіктер бар. Бірақ мұның бәрі көшеттің сапасына, күтімге, температураға және басқа да жағдайларға байланысты.

– Бір жеміс түрін өсіру үшін қанша қаражат қажет болуы мүмкін? Мұндай жұмыстың шығыны ақтала ма?

– Бірден үлкен қаржы жұмсаудың қажеті жоқ. Мысалы, банан көшетін шамамен 15 мың теңгеге сатып алуға болады. Бір банан ағашынан 40 келіге дейін өнім алуға мүмкіндік бар. Бананның тағы бір ерекшелігі жеміс бергеннен кейін негізгі сабағы қурай бастайды. Оны кесіп тастаймыз. Ал түбінен жаңа өскіндері, яғни балалары шығады. Сол өскіндер келесі жылы жеміс береді. Демек, бір көшеттен бірнеше жыл бойы жаңа өнім алуға мүмкіндік бар. Лимонның көшетін шамамен 10 мың теңгеге сатып алуға болады. Жыл сайын ағаш өсіп, өнім көлемі де артады. Папайя көшетін де шамамен 15 мың теңгеге сатып алуға болады. Оның да өсу қарқыны жақсы. Дұрыс күтім жасалса, екі жыл ішінде жұмсалған қаражатты бірнеше есе қайтаруға мүмкіндік бар деп есептеймін. Әрине, мұның бәрі шағын жылыжайдағы тәжірибемізге негізделген. Біз әзірге үлкен көлемде сауда жасауды мақсат етіп отырған жоқпыз. Өзіміз тұтынамыз, артылғанын үйден сатамыз. Көп адам маған «Қыста жылу қосасыздар, сонда бұл шығынды ақтай ма?» деп сұрайды. Бес-алты банан, бірнеше лимон өсіргеннен бірден үлкен табыс түспейді. Бірақ жылыжайдың артықшылығы бір ғана жеміс ағашымен шектелмейсіз. Бір жерде көкөніс те, көшет те, жеміс те өсіруге болады. Біз көктемде қызанақ, бұрыш, баклажан көшеттерін дайындап, базарға шығарамыз. Жылыжайдың сөрелеріне құлпынай отырғызамыз. Аскөк, көк шөп сияқты өнімдер де өседі. Осылайша, әр маусымды тиімді пайдалануға болады. Менің ойымша, адам еңбектеніп, ізденсе, жылыжайдың шығынын ақтауға болады.

– Өзіңіз күткен нәтижеге жету үшін қандай тәжірибелер жасадыңыз? Шетелдік тәжірибені зерттеп, өз жұмысыңызға енгізген кезіңіз болды ма?

– Әрине, тәжірибе жасау арқылы көп нәрсеге қол жеткіздік. Мысалы, лимон өсіруді қолға алғанда, ең алдымен Шымкент пен Сарыағаштағы диқандардың тәжірибесін зерттедім. Олардың қандай көшет пайдаланатынын, қалай күтім жасайтынын, қандай жағдайда өнім алатынын бақыладым. Бірақ бір өңірде жақсы нәтиже берген әдіс екінші өңірде дәл солай жұмыс істей бермейді. Сондықтан өзіміздің климатқа бейімдеуіміз керек болды. Бізде папайя жақсы өсті. Бір жылдан кейін гүлдеп, түйнек сала бастады. Жемісі қауынға ұқсайды екен. Папайяның жапырағы, жемісі және көк түйнегі туралы да көп мәлімет жинадық. Оның тағы бір ерекшелігі – көк түйнегінен сүт тәрізді сұйықтық бөлінеді. Папайяның осы бөлігіне шетелде ерекше мән берілетінін зерттеу барысында білдік. Себебі піскен жемісте мұндай сүт бөлінбейді. Папайяның жапырағын да зерттеп, оның емдік қасиеттері барын білдік. Біз жапырағын кептіріп, шай ретінде пайдаланып көрдік. Сосын папайяның піскен бір түйірі 10 мың теңге тұрса, үзілмей тұрған көк түйнегі одан он есе қымбат тұрады. Жолдасым екеуміз осы өсімдіктің ерекшеліктерін зерттеп, тәжірибе жинақтадық.

– Өнімнің дәмі мен сапасы сырттан әкелінетін жемістерден ерекшелене ме?

– Әрине, ерекшелігі бар. Ең бастысы, жергілікті жерде өсірілген жеміс ағашында толық пісіп-жетіледі. Мысалы, сырттан әкелінетін банандар көбіне көк күйінде үзіледі. Оларды тасымалдау барысында пісіріп, дүкен сөрелеріне шығарады. Ал біздегі банан ағашта тұрып піседі. Сарғайып, иісі аңқып, піскен кезде өзі үзіліп түсетін жағдайлар да болды. Алғаш рет сондай сәтті көргенде қатты таңғалдым. Өйткені Қызылордада банан өсіріп қана қоймай, оның ағашта толық пісуіне қол жеткіздік. Лимонның да дәмі өзгеше. Өзіміз өсірген лимонның көлемі үлкен, қабығы жұқа, дәмі кәдімгі лимоннан жұмсақтау. Оны қабығымен жеуге де болады. Жергілікті жерде өсірілген өнімнің тағы бір артықшылығы оны өз уақытында жинауға болады.

–Бұған дейін Қызылордада үлкен ботаникалық бақ ашу жөнінде ұсыныс білдірген екенсіз. Бұл бастама қалай пайда болды?

- Өз жылыжайымызға адамдар жиі келіп, лимон мен бананды көргенде таңғалып жататын. Үлкен кісілердің өзі қызығушылық танытса, балалардың әсерін елестетіп көріңіз. Сонда менде неге Қызылордада үлкен ботаникалық бақ салмасқа деген ой туды. Оның ішінде әртүрлі цитрус ағаштары, тропикалық өсімдіктер өсіп тұрса, мектеп оқушылары, балабақша тәрбиеленушілері, жалпы облыстың барлық ауданынан келген тұрғындар көріп, танысса деген арман болды. Өйткені банан ағашын көру үшін міндетті түрде Шымкентке немесе басқа қалаға барудың қажеті жоқ қой. Осындай мүмкіндікті өзіміздің Қызылордада жасауға болады.

Осы ұсыныспен шамамен екі жыл бұрын сол кездегі облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қабылдауына кірдім. Ол кезде қабылдауға кіретін адамдар көп болатын. Бірі жер сұрайды, бірі үй мәселесін көтереді, енді бірі басқа да өтініштерін айтады. Ал мен ешқандай жеке мәселе көтермей, Қызылордада үлкен ботаникалық бақ болса екен деген ұсынысымды жеткіздім. Оның ішінде лимон, банан, мандарин сияқты цитрус және тропикалық ағаштар өссе дедім. Мен өз жылыжайымда өсіп жатқанын, бірақ оның көлемі шағын екенін жеткіздім. Ал ботаникалық бақ мемлекеттік деңгейде, үлкен көлемде жасалса деген ұсынысымды айттым. Облыс әкімі бұл бастаманы бірден қолдады. Қалаға келген қонақтар да осындай ерекше орынды аралап көрсе жақсы болатынын айтты. Қазір сол ұсыныстың желісімен Президент саябағында ботаникалық бақ ашылды. Ботаникалық бақтың құрылысы басталғаннан бері оның жұмысына қызығушылықпен қарап жүрдік. Тіпті іргетасы құйылғаннан бастап бақыладық. Қандай топырақ төселіп жатыр, қандай өсімдіктер әкелінеді, қалай отырғызылады – бәріне мән бердік. Өсімдіктерді егу жұмыстарына да қатыстық, мамандармен бірге жүрдік. Қазір де сол ботаникалық бақтың айналасындағы жұмыстарға араласып, өсімдіктерді күтіп-баптау, өсіру мәселелері бойынша көмектесіп жүрміз. Бұл – мен үшін үлкен қуаныш. Өйткені бір кезде айтқан ұсынысымның нақты іске айналғанын көрудің өзі ерекше сезім.

– Сіздің ойыңызша, ауыл шаруашылығында әйелдердің орны қандай? Өзіңіз бұл салаға неліктен қызығушылық таныттыңыз?

– Менің ойымша, ауыл шаруашылығында әйелдердің орны ерекше. Бұл салада еңбеккорлық, төзімділік, жауапкершілік және ұқыптылық қажет. Әйел адам бір істі қолға алса, оны аяғына дейін жеткізуге тырысады. Жылыжай шаруашылығында да күнделікті күтім, бақылау, өсімдіктің жағдайын түсіну маңызды. Мен бұл салаға қызығушылықпен келдім. Қазір осы жұмыстың өзіме ұнайтынын, көп нәрсені үйренгенімді түсінемін. Ең бастысы, өз еңбегіңнің нәтижесін көресің. Бір көшетті отырғызып, оның өсіп, гүлдеп, жеміс бергенін көру – үлкен қуаныш.

– Бір жеміс ағашынан жылына орта есеппен қанша өнім алуға болады?

– Бұл жеміс ағашының түріне және жасына байланысты. Мысалы, бананның бір түбінен 40 келіге дейін өнім алуға болады. Лимонның бір түбінен шамамен 20-30 түйір жеміс алуға мүмкіндік бар және ол әрі қарай көбейе береді. Ағаш үлкейген сайын өнім көлемі де артады.

– Тәжірибеңізді ғылыми жобаға немесе зерттеу жұмысына айналдыру ойыңызда бар ма?

– Әрине. Өзімнің негізгі мамандығым да осы салаға жақын болғандықтан, тәжірибемді ғылыми тұрғыдан жүйелеуге қызығушылығым бар. Қызылорда жағдайында лимон, банан, папайя және басқа да тропикалық жемістерді өсірудің өзіндік ерекшеліктері бар. Осы бағытта жинақталған тәжірибемізді әдістемелік нұсқаулықтарға енгізіп жүрміз. Лимон өсіру бойынша авторлық куәлік алдым. Енді банан мен папайяға қатысты да материалдар дайындап жатырмын. Бүгінде 4 авторлық куәлік, 4 әдістемелік нұсқаулығым бар.

– Тропикалық жемістерді жергілікті жерде өсірудің қандай артықшылықтары бар?

– Біріншіден, өз өніміңіз болады. Екіншіден, өнімді толық пісіп-жетілген кезінде жинайсыз. Үшіншіден, көшетін де өзіңіз өсіріп, көбейте аласыз. Жергілікті жерде өсірілген өнімнің тағы бір артықшылығы – оның қандай жағдайда күтілгенін білесіз. Өзіміздің өнімімізді тұтынамыз, табиғи жолмен өсіруге тырысамыз. Сонымен қатар жылыжайдың пайдасы тек жеміс алумен шектелмейді. Оның ішінде гүл де, көкөніс те, көшет те өсіруге болады. Отбасы мүшелерінің барлығы осы іске араласады. Балалар да еңбекке үйренеді. Менің ойымша, әр үйдің ауласында шағын болса да жылыжай болғаны жақсы. Оның ішінде бірнеше жеміс ағашы, көкөніс, гүл өсіп тұрса, отбасы үшін де пайдалы.

– Жеміс өсіру әдісін мектеп оқушылары мен жастар арасында насихаттаудың қандай жолдарын ұсынар едіңіз?

– Менің ұсынысым – әр мектепте шағын болса да жылыжай болуы керек. Бұл балаларды еңбекке баулудың, табиғатты танытудың және ғылыми жобаларға қызықтырудың тиімді жолы. Бізге де мектеп оқушылары келіп, жылыжайдағы өсімдіктерді зерттеуге қызығушылық танытады. Кейбірі ғылыми жобасына материал жинағысы келеді. Осындай балаларға мүмкіндік берген дұрыс. Жастарға айтарым: ауыл шаруашылығын тек ауыр еңбек деп қабылдамау керек. Қазір технология дамыды. Жылыжай шаруашылығын да заманауи тәсілдермен жүргізуге болады. Ең бастысы, қызығушылық пен ізденіс болса, жақсы нәтиже де, табыс та болады.

– Әңгімеңізге рақмет! Еңбегіңіз жемісті болып, Қызылордада тропикалық жеміс өсіру бағытындағы бастамаларыңыз жүзеге аса берсін!

Сұхбаттасқан А.ӘЛИАРЫСТАН

Кітапхана

СЕН ӘЛЕМНІҢ ЖАНАРЫНДАСЫҢ, АРАЛ!



Айжарық СӘДІБЕКҰЛЫ



ТЕҢІЗ ТАҒДЫРЫ

Соның айқын мысалы: экологиялық дағдарыстан сақтанудың ғылыми негізде ойластырылған нақты іс-қимыл Бағдарламасының негізгі бағыттары жүйеленіп, белгіленбек. Бұл бағыт халықаралық деңгейде сарапталған. Айталық, дағдарысқа ұшыраған Арал аймағын сауықтыруда Еуропалық Одаққа енген елдердің /ЕС/ халықаралық ұйымдары бұл күнде өз қызметін бірнеше бағытта жалғастыруда. Біріншіден, дүниежүзілік қайта құру және даму Банкі су қорларын реттестіріп басқарудың аймақтық-стратегиялық жоспарын жүзеге асыруға қаржымен көмектеспек. Бұл жұмысқа 19 жоба енгізілген. Бұл жұмыстың бірінші кезеңі жүзеге асырылуда, яғни дайындық қарекеті жүруде. Содан соң екінші кезеңі - жобалау және оны орындау жалғасады. Соңғы үшіншісінде аймақтық-стратегиялық Бағдарлама толық орындалатын болады.

Бүкіл дүниежүзілік Банк теңізді құтқарудың халықаралық қорымен / МФСА/ бірігіп, биыл аймақ тұрғындарының денсаулық, әлеуметтік қорғану және ауызсумен қамтамасыз ету проблемаларын шешу мақсатында 2 миллион АҚШ долларын бөлді.

Екінші бағыт - ПРООН жоспары. Бұған үш мемлекеттің - Қазақстанның, Өзбекстанның және Түрікменстанның үш ұлттық бағдарламасы (онда әр елдің негізгі ерекшеліктері мен жағдайы ескерілген) енгізілген. Оны орындау үшін алдын-ала көмек беру I994 жылы басталды. Енді 4 жылға созылады.

Үшінші бағыт: Еуропалық Одақ ВАРМАПтың «Су қорларын және ауыл шаруашылығы өндірісін басқару» жобасын жүзеге асыруға 6,5 миллион АҚШ долларын бөлді. Бұл бағдарламаның бірінші кезеңі 8 бағыттан тұрады, оған 21 жоба еніпті. Енді ВАРМАП Бағдарламасының 7 жобасын жүзеге асыру жұмыстары жүзеге асырыла бастады.

Төртінші бағыт бойынша ЮНИСЕФ 1995 жылдың маусым айынан бастап АСПЕРА Бағдарламасын қаржыландыру. Бұл Бағдарлама денсаулықты сауықтыру және халыққа білім беру мәселелері бойынша Арал аймағының қазақстандық бөлігін қамтиды. Мұнда бірінші кезекте - аналар мен балаларды жұғымды тағамдармен қамтамасыз ету мәселесі тұр.

Жоғарыда жеке-жеке аталған бағдарламалар Орталық Азиядағы республикалар мен Қазақстанның мемлекетаралық аймақтық ұйымдарының өзара ынтымақтасқан және тығыз байланыста бірлескен қызметтері арқылы орындалуы тиіс. Оған негіз де қаланған. Айталық, бұл бес елдің басшылары 1993 жылдың қаңтарында Ташкентте, одан кейін сол жылы наурызда Қызылорда қаласында, содан соң 1994 жылы қаңтарда Нүкісте бас қосқан келісімдерінде Арал аймағы мен Арал теңізі проблемаларын шешу жөніндегі концепциясының негізгі ережелерін мақұлдап, бекіткен болатын. Онда негізінен аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуы қамтылған. Сонымен бірге Қазақстан мен Орталық Азия республикалары ғалымдарының Арал бассейнін экологиялық тұрғыдан сауықтыру орайында бірлесіп жасаған Бағдарламасы Нүкіс конференциясында мақұлданған еді. Бағдарлама үш және бес жылда атқарылатын жұмыстарды қамтиды. Көршіміз және теңіздің тартылуына тікелей кінәлі Ресей аймақ тап болып отырған дағдарысты шешуге аталған республикалардағы тұрақты өкілдері арқылы көмектеседі деген үміт бар.

Міне, жоғарыда айтылған осындай іс-қимылдың басында бірден-бір елдің айдыны айрықша жарқырап тұр. Ол - кәдімгі АҚШ. Бұл елді бізге баяғыда, мектепте «ата жауымыз» деп оқытып еді. Содан бері бұл елге деген көзқарасымыз қисық болатын. Енді бүгінде бұл елдің бізге көрсетіп жатқан көмегіне кейде «осының арғы жағында нендей құпия бар» деп те ойлаймыз. Онысын, яғни ішіне бүккендері болса, оны соңыра уақыт көрсете жатар. Ал дәл бүгінгі таңда бізге әлемдік қоғамдастықтың қол ұшын созғаны керегірек болып тұр ғой.

АҚШ-тың әлемдік қоғамдастық пен ықпалдастықтың басты ұйымдастырушысы екені айдай әлемге аян. Горбачевтің бұл елге барған бір сапарында, Ақ Үйдің алдында өткен митингіде Р.Рейганның: «АҚШ бүкіл әлем» деп айтқаны сірә тегін болмады. Бұл елдің «АҚШ Үкіметінің Арал теңізі аймағындағы қызметі» деп аталатын арнайы жұмыс жоспары бар. Бұл Бағдарлама әр жылға жеке-жеке арналған. Айталық, Арал аймағының қазақстандық бөлігіне арналған іс-қимыл жоспарының өзі өткен 1995 жыл бойынша 5 бағыттан тұрса, биылғысы 7 бағытқа орайласқан.

Оның бәрін жіктеп айтатын болсақ, әңгіме ұзарып кетеді. Сондықтан АҚШ Үкіметінің көптеген «ұсақ-түйек» көмектерін ежіктеп жатпай-ақ бір ғана мысалмен шектелсек те болар. АҚШ Аралдың әбден ескіріп тозған Сарыбұлақ ауыз су құбырын қайтадан жөндеп жаңалауға ЮСАИД фирмасының мамандарын жіберді. Олар Қосамандағы №1, №11, №28 скважиналарды жаңартып, құбыр бойына хлоратор қондырғыларын қондырып берді. Және қажетті қосалқы бөлшектермен қарық қылды. Істерінің бәрі мүлтіксіз, тап-тұйнақтай. Біздегідей бүгін істеген ісінен ертеңіне ши шығып жатпайды. Анау Қосжардағы алпыс үй осы күні ауыз судан қақсып отыр. Оған Қосаманның суы Сарбұлақ құбыры арқылы жеткізілмекші еді. Су жинайтын қойма баяғыда салынып дайын тұрған. Құбырды қоймаға жалғап кеп қалғанда... сарқыраған балдай тәтті таза су айдалаға ақты да кетті. Қоймаға су тұрмайды - дұрыс бетондалмаған. Міне, біздің жетесіз құрылысшылардың ісі! Кімнен көресіз? Тек бармақ тістеу... Ал, бұл кезде американдықтар Аралдан кетіп те қалған еді.

Сонымен жоғарыда айтылған бағдарламалар бойынша «көзге көрінбейтін» жұмыстар баяу болса да, үздік-создық дегендей, жүріп жатыр. Өкінішке қарай, жоспарланған жұмыстың біразы қағаздағы қалпында тұр. Мысалы, АСПЕРА Бағдарламасында көрсетілген көмек көлемінің жеткіліксіз екені енді білінуде. Біздің Қазақстан тарапынан да шалалық пен ағаттық жетіп артылып жатыр. Оның қайсыбірін айтып тауысармыз. Қызылордаға шетелдіктердің ағылып келуінің кемі жоқ. Әр делегация келген сайын солардан көмек дәметіп жүрекжарды сөзін толғағанда, облыс басшысы Бердібек Машбекұлының өзі де қып-қызыл болып толқып отырады. Мына жақта, біздер де (журналистер) қобалжып отырамыз. Қайтейік, жағдайымыз құлпырып тұрса, жатжұртқа сауын айтар ма едік...

Иә, Арал аймағы әлемнің жанарында тұр. Теңізді адам алақанына сидырған плакатты да көп жерлерден көріп жүрміз. Сол алақан әттең бүкіл әлемдегі адамзат алақаны болар ма еді.

ОЙ ТОЛҒАДЫМ БІР КЕЗЕК

Сөз жоқ, социализмді гүлдендіріп, коммунизм орнатпақшы болған қоғамды қайтадан құру машақаты басталғалы сонау отызыншы жылдардан «коммунизмнің сталиндік алып құрылыстары» ұранымен жүргізілген шабуылдан табиғаттың тепетеңдік заңдылығын бұзып, тал бесігін белінен ойсырата омырған олқылықтар бірден бүкілхалықтық талқыға түсіп жүре берді. Бұған дейін Табиғат-Анамызға толассыз жасалған жойқын шабуыл жөнінде өрт өңешіне қанатымен су септекші болған қарлығаштай жанұшыра шырылдап ақиқатты айтқандардың аузын тұмшалап келген екіжүзді сиқыр саясаттың тамыры сыздап, солқылдай бастады. Қасыреті қалың халқымыздың азабы арылмаған ауыл-аймағымыздан бастап, Біріккен Ұлттар Ұйымының мәртебелі мінберіне дейінгі аралықта бұрын тылсым құпияның құндағында тұншығып келген жансебіл шындықтың небір айғақтары жалғанның жарығына жүзін тосты. (М.С.Горбачевтің «қоғамды қайта құру» дүрбелеңіне дейін Арал теңізінің тағдыры жабық тақырып болып келген болатын). Алайда, ғасырлық ғаламат азып-тозудың аткөпір күлінен сілкініп шыққан феникстей қанатын енді қомдай бастаған Еліміз тоталитаризмнің әбден жаныштап езіп тастаған тамұғынан тынысын әлі де кеңейте алмай алқынуда еді. Ядролық жарылыстың қиып түсер қылыштай отты сәулесінің өзі де өте алмайтын мызғымас қамалға бекініп алған безбүйрек бюрократия замана ақиқаты алдында тізе бүккісі келмейді-ақ. Табиғаттың тұла бойына түскен індеттің ауыр зардаптарынан қайткенде құтылудың қамқарекеті қайсыбір жаны ашымас тоқ пенделерден толассыз қағажу көріп келді. Жария мен құпия бітіспес тайталасқа түскен тұста бет қаратпас бюрократтар ездерінің кім екенін, кім болып келгендерін аңдатып-ақ алды. Бақсақ, олар түптеп келгенде Кеңес елін аяғынан қаз тұрғызған жанкешті халықтардың бәріне бірдей пейіл білдірмейді екен. Егер бәріне бірдей шынымен жандары ашыған болса, Мәскеу жақтан айылын жимастан: «Арал әдемі өлуге тиіс» деп зілденбес еді ғой. Амал не, ақ-адал көңілін тағдыр талқысына тосқан халқымыз сондай сойқан сөзді де есітті. Жүрек жарылмады – сыздады, көңіл құлазыды. Ақиқатына жүгінсек, кешегі Кеңес кеңістігінен Қазақтың байтағындай жұлым-жұлымы шыққан қиырларды табу қиын да шығар. Мұншалықты қасыретке ұшыраған атажұртты жеті қабат жердің «тілін білген» Асанқайғы бабамыз да кезіктіре алмаған болар...

Өз жеріне өзі ессіз ғашық болған Асанқайғының бүгінгі ұрпақтары не көріп отыр? Бүгінде айдай әлемге мәлім болған ақиқат: көрмегенін көрді, есітпегенін есітті, жерінің кеңдігі мен пейілінің жомарттығы өздеріне сор болып жабысты.

Жылдар бойы әрбір қалтарыста кезек-кезеңімен толассыз төпелеген сынақтардан еңселері түсіп есеңгіреді... Ригалық ғалымдардың көп жылғы зерттеулерінің түйініне жүрегің мұздайды. Осынау Жер-Анамызды адамдардың пендешілікпен шекарашекараға бөлшектеп бөліп тастағандары болмаса, тұтас Планетаның тұла бойы өзіміздің он екі мүшеміз сияқты бірі мен бірі тығыз байланыста екен. Бір ғана Арал теңізінің өзі жер астынан да, жер үстінен де Орта Азиямен, Каспий және Балқаш өңірімен, Оңтүстік Оралдан бастап Иран, Ауғанстан, Қытай, Моңғолия аймақтарымен шым-шытырық байланысып жатқан көрінеді. Семейдің жер қойнауын 40 жыл солқылдатқан тажал сойқаны бүкіл Қазақ жерінің «миын» шайқалтқан деседі. Ригалық ғалымдар біздің өзендеріміз бен көлдеріміздің, бұлақтарымыз бен жылғаларымыздың суала бастауы – жер астындағы жарылыстардың астаң-кестең дүмпуінен деген қорытындыға келген. Аралдың шалажансар күйге ұшырауы Әмудария мен Сырдарияға түскен бұғалықпен қоса жеріміздің қолдан жасалған қиянаттан сілкініп тұратыны да себеп болса керек. «Арқада айғыр азынаса, Сырда сиырдың мүйізі сырқырайдының» нақ өзі ғой, бұл.

Міне, жан-жақтан қыспаққа алған осындай зобалаңның зардабы ақырында бір замандарда «Қазақ жерінің саваннасы» атанған сулы-нулы Сыр бойын да жұтатып тынды. Түгін тартсаң қояны мен қырғауылы жыпырлап шыға келетін осынау мамырстан Өлкенің бүгінгі келбеті кісі шошырлық. Қай түкпіріне барсаңыз да, жолығатыныңыз ысылдаған орғыл құм мен шаңтозаңы бұрқыраған, ақ сорға бөккен кебір. Еуропаның бірнеше мемлекеті еркін сиып кететін Сыр бойының маңдайына басқан жалғыз теңізі - Арал өліп, өшіп барып қайта тірілгендей болды. Баяғы сылаң қаққан сұлу Сырдың асау арнасы 1976 жылы біржола бітеліп, арада 12 жыл өткенде 1988 жылы қайтадан тыныс созды. Бұған да шүкіршілік. Алайда, жерінің ажары мен табиғи байлығының базарынан айрылған көптің көңілі әлі күпті, кеудені кеулеп алған күдіктен айыға алатын емес. Айықпайтыны: дарияның қос қапталын күні кешеге дейін абат баққа айналдырып келген өлкемізде бар болғаны 85 көл қалыпты, көлемі бар болғаны 34545 гектардай ғана су айдыны алып жатыр. Баяғы мың көлден қалғаны осы. Егер қайта құру шапағатымен теңізді құтқару ұраны көтерілмегенде, біз бүгіндері бұл көлден де айырылып, аймаңдай болып қалатын едік. «Күріш көлеңкесінде күрмек су ішедінің» керімен теңізге жіберілген нәрдің арқасында қалтарыста қалған осы көлдерімізге енді-енді жан еніп келеді.

Бұған шүкіршілік дегенімізбен бөрікті аспанға лақтыруға әлі тым ерте. Себебі, сол көлдерге су беріп жатқан дариядағы минералды қалдық нормадан артық. Енді осыған бүкіл Сыр бойын жайлап алған теңіздің тырдай жалаңаш табанынан күні-түні бір тынбай көтеріліп тұратын тұзды шаңды қосыңыз. Арал өңірінің аумағында үстіңе шыр жұқпайтын баяғы ақшағыл топырағына сор татыған сол тұзды шаң мидай араласып кеткен.

...1972 жылы Стокгольмде өткен Біріккен Ұлттар Ұйымының конференциясында қабылданған Декларация табиғатты қамқорлыққа алудың 26 принципін белгілеп берген еді. Адамгершілік тағылымын ұстанған сондағы бүкіл әлемдік үн әупірімдеп біздің жерімізге де жеткен-ді. Соның дүмпуімен қоршаған төңірегімізді қорғау күнін 1973 жылдан бері атап өтумен келеміз. Бірақ осындай ізгі шараға қайшы келетін құбылыстар - табиғатты аямай тонау, айнала аймақты бүлдіру қас қылғандай сол жетпісінші жылдардан бастап өте қатты белең алып кетті. Мәртебелі мінбелерден, дуалы ауыздардан айтылған табиғатты қорғау жөніндегі сөздер мен қоғамдық пікірді баса-көктеп ие бермей кеткен қатерлі істердің арасындағы алшақтық жер мен көктей болды. Мұндай сорақылықтан сақтандырса, енді-енді дұрыс бағыт ала бастаған қоғамдық күштер ғана сақтандыра алар-ау.

Қордаланып қалған қиындықтың ең зоры сол, біздің Қазақстан тұрғындарының экологиялық арожданы мен мәдениетін айтпағанда, экологиялық сауаттылығының өзі сын көтермейді. Бірқатар сырт елдер қоршаған ортаны қорғауда ертеңі үшін алдынала қам жасап жатқанда, біздегілер «табиғаттың бермесін тартып аламыз» деп босқа арамтер болып жүргендерінде қанша уақытымыз текке кеткен десеңші. Олардың соншалықты жойдасыз да жойқын екпіндері «құдайдан тілеген» дейтін пенделердің де пейілі мен құлқын алжастырыпты. Табиғат тозса, адам да рухани жүдеулікке ұшырайды екен. Осы күні байырқалап отырсаңыз, бүкіл облыс байтағында бұрындары қоқыстың неше түрі аткөпір болып жататын. Облыс тұрғындарының бірқатары күл-қоқысын үйінің іргесіне төгіп, айналасына шыбын үймелетіп отыра беретін еді. Қалаңызда да, ауылыңызда да тазалық сын көтермейтін. Аудан орталықтары мен елді мекендердің көшелеріне жуынды-шайындыны ерсілі-қарсылы жарысып төге беретін. Бұл неден еді?

Бұл сайып келгенде біздің экологиялық сауатымыздың тапшылығынан-ау деп топшылаймын. Иә, айтатыны жоқ, біздің қандастарымыздың экологиялық ар-ожданы енді-енді оянып келеді. Жер-Анамыздың жұпар төсін арда емуге келгенде, алдымызға жан салмаймыз. Барын сығып алуға бармыз. Қара жерді қақыратып байлығын қопарудан да ел-елдің алдындамыз. Ал сонан келе жер бетінде қыбырлап-жыбырлап жүрген өзіміздің игілігіміз үшін қарапайым істі тиянақтауға келгенде бізден өткен қырсыздықты қайдан іздеп табарсыз. Жер көлемі Қазақстанның бір облысындай ғана Жапонияда күл-қоқысты да пайдаға жаратады, оны теңізге тастап, жерін жылдан-жылға кеңейте береді және оның үстін құнарлы топырақпен жауып, жасыл желекті саябақ жасайды, нәтижесінде халықтың рахаттанып демалатын саялы бағына айналады. Ал бізде бардың өзін ұқсата алмау сүйекке сіңіп кеткен. Бір ғана мысал: 1988-жылдан бастап дария арқылы теңізге қарай жіберілген судың жалпы есебін білеміз бе? Қағаз жүзінде білеміз, бәрі сайрап тұр. Ал сол үздіксіз ағылған судың теңізге жеткенше қаншасы ысырап болды? Оны білмейміз, үйткені біздің онымен ісіміз жоқ. Кезінде айтысып-тартысып жүріп Кремльден сұрап алған суымызға ие бола алдық па? Ие бола алмадық. Арынды ағын Арал теңізіне жеткенше ай далаға жайылып ысырап болды. Жылда осылай қайталанатын.

Мұның себебі, бізде барды ұқсататын жөнді база жоқ болды. Суды игеру жұмыстары баяғы ескі әдіспен жүргізілетін. Ие бермей арқырап аққанда су жолдарын бульдозермен топырақ үйіп бөгейміз, сосын тағы да сол бульдозермен топырақты қопара ысырып су жолын ашамыз. Міне, жұмыстың түрі осындай еді. Шаруашылықаралық су жолдарымыз баяғы алпысыншы жылдардағы құрылыс болатын, ол қашанғы шыдасын, азып-тозды. Техникалық мүмкіндіктің әлсіздігінен бір ғана ішкі су жолдарымызда жылда қаншама су ысырап болады десеңші.

Міне, тірлігіміздің жайы осындай еді ғой. Өзі аз суға ие бола алмаймыз, рәсуа етеміз, сөйтіп жерді қолдан бүлдіреміз. Нәтижесінде облыста талай жылғы су ысырабынан батпаққа, тұзды сорға айналған жерлер жетерлік.

Бізді табиғатты сауықтырудың қайсыбір қисындары кейде кісі күлерлік ыңғайдан да табылып жататын. Арал проблемасы көтерілген кезде алматылық ғалымдарымыз құрғап қалған теңіз ұлтанына өсімдік егу «жаңалығын» ұсынып, оған бір шашылдық. Уақытында қыруар қаржының бір парасы соған кетті. Ақиқаты, атқа мінген бишікештердің осындайда бөлісе қоятын жеміне айналып, рәсуа болды. Теңіздің өткен тарихына үңілейікші. Отыз бес мың жыл құм шабуылына қорған болған Аралды бары-жоғы ширек ғасырда аздырып жіберудің эксперименті аз болғандай, ащы соры көпіршіген теңіз табанына «жайқалтып» өсімдік өсірмекші болғандардың идеясы кезекті бір науқанға айналып өте шықпаса екен деңіз. Теңіз – Арал аймағына қоныстанған халықтың тағдыры еді, ал оның құрғап қалған байтағына «өсімдік өсіруге» кеткен қаржы сол халықтың маңдай тері мен табан етінің ақысы емес деп кімнің тәуекелі жетіп айта алар екен? Солтүстік Арал аймағында жылда болып қайтамын. Сонда көретінім: Арал қаласының айналасы жылан жалағандай қылтанағы құрығып, құмы суырып, шаңы бұрқырап жатады. Сол жерлерді баяғыдан бері жылда қара күзде жыртып, сексеуіл дәнін сеуіп тастай берген болса, бүгінде қалаға қорған болып жайқалып тұрған болар еді-ау. Шөл далада қасқиып өзі өніп өсе беретін сексеуілді көгерте алмай жүріп теңіз табанына жайқалтып «егін түлетпекші» болғандардың әрекетіне не деуге болады? Бұл не деген жүрек жұтқандық?! Анау құрғап қалған алқаптарға қолдан өсімдіктер өсіру бір ғасырда орындалатын іс пе? Тіпті ақылға сия ма? Оған күш, қаржы қайда? «Кіші Аралды» бөгеп алу арман болып тұрғанда!

Бұл өмірде орындалмайтын идеяны ұсынып жұртты әбігерге салып қойған «ғұламалар» осы күні теңіздің жалаңаштанып қалған алқаптарын келіп көрмейді-ау! Табиғат – Анамыз, киелі топырағымыз тіршілігін тоқтатпайды екен. Уақыты келгенде өзін-өзі емдеп алуға қабілеті жетеді екен. Баяғы сор татып ақ шаңдағы шығып жатқан теңіз ұлтанында осы күні түйе түлігі сүйсініп жейтін қызыл сораң мен ащы жапырақты сары балақ бұталар балапандап өсе бастағанын кезінде көз көрді.

Ал, жаратылыстың бұл құдіретіне не дерсің?

(Басы өткен номерде. Жалғасы бар)

Сұрағым бар...

ЖҰМЫСТАН КЕШІГІП ҚАЛҒАНДА ЖАЛАҚЫДАН АҚША ҰСТАУ ЗАҢДЫ МА?

Еліміздегі Еңбек кодексінің 64-бабына сәйкес, қызметкер еңбек тәртібін бұзған жағдайда жұмыс беруші оған мынадай тәртіптік жаза қолдана алады:

ескерту;

сөгіс;

қатаң сөгіс;

Еңбек кодексінде көзделген негіздер бойынша еңбек шартын бұзу.

Еңбек кодексінде және Қазақстан Республикасының заңдарында қарастырылмаған басқа тәртіптік жазаларды қолдануға жол берілмейді.

Мысалы, қызметкер жұмысқа 20 минут кешігіп келсе, жұмыс беруші оған өз бетінше 5-10 мың теңге айыппұл салып, бұл ақшаны жалақысынан ұстап қала алмайды. Заңды негіз болса, жұмыс беруші белгіленген тәртіпті сақтай отырып, заңда көзделген тәртіптік жазаның бірін қолдана алады.

Тәртіптік жаза жұмыс берушінің өз қалауымен тағайындала салмайды. Жаза қолданбас бұрын ол қызметкерден жазбаша түсініктеме талап етуге міндетті. Ал қандай жаза қолдану керектігін шешкенде, жасалған тәртіп бұзушылықтың сипаты мен ауырлығы, сондай-ақ оның қандай жағдайда болғаны ескеріледі.

Бұл ретте заңсыз ақшалай айыппұл мен заңнамада көзделген жалақыдан ұстап қалу тәртібін бір-бірінен ажырата білу керек.

Еңбек кодексінің 115-бабында қызметкердің жалақысынан қандай жағдайларда ұсталым жасауға болатыны нақты көрсетілген. Ал кейбір өзге жағдайларда мұндай ұсталым қызметкердің жазбаша келісімімен ғана жүзеге асырылады.

Яғни еңбек тәртібін бұзғаны үшін салынатын ақшалай айыппұл мен заңды негізде жалақыдан ұстап қалу – екі түрлі ұғым. Жұмыс беруші заңда белгіленген тәртіптік жазаларды ақшалай айыппұлмен алмастыра алмайды.

ТЕГІН ДӘРІГЕРЛІК КӨМЕК ҚАЙ КЕЗДЕН БАСТАЛАДЫ?



Қазақстан – шамамен **7 миллион** бала өсіп-өркендеп келе жатқан жас мемлекет. Бұл – еліміздің болашағы үшін орасан зор әлеует.

Мемлекет өзінің кішкентай азаматтарына **медициналық көмектің толық тізбесін пайдалануға** кепілдік береді.

Медициналық көмек балаға барлық кезеңдерде: дүниеге келер алдындағы тексерулерден бастап, өмірінің алғашқы күндеріндегі бақылау, профилактика, диагностика, емдеу мен қалпына келтіру кезеңдеріне дейін ұсынылады.

Бұл жұмысқа емханалардың, перинаталды орталықтардың, балалар ауруханасы мен мамандандырылған клиника дәрігерлері мен мейірбикелері қатысады.

Уақтылы көрсетілген сапалы медициналық көмек балалардың салауатты өсіп, білім алуына, өз таланттарын ашып, армандарын жүзеге асыруына жол ашады.

Жас буынның денсаулығын қорғау – әрбір отбасының әл-ауқатын және тұтас мемлекеттің қуатын нығайтудың негізі.



МАРҚҰМДАРДЫ "ТІРІЛТУГЕ" БОЛАДЫ МА?

Қазіргі кезде көп жұрт жасанды интеллект арқылы қайтыс болған марқұмдардың суреттерін өзгертіп, олардың бейнесін қозғалысқа келтіріп, дауыстарын салып жүр. Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы жасанды интеллект арқылы марқұмдарды "тірілтуге" қатысты пікір білдіріпті.

"Ислам фиқһ негіздері қағидасы бойынша "Бір нәрсеге берілетін үкім оны дұрыс түсініп, мәнін анықтауға байланысты" деп белгіленген. Сондықтан қайтыс болған адамдардың суреттерін жасанды интеллект арқылы қозғалысқа келтірудің үкімі оны қолдану мақсаты мен нақты жағдайына қарай әртүрлі болады", - дейді муфтият.

Егер мұндай "тірілту" марқұмдарды сағынғанда еске алу, көңіл жұбату немесе жақсы естеліктермен еске алу мақсатында орындалса, онда мұндай технологияны қолдануға рұқсат етіледі екен. Шариғатқа қайшы емес.

Егер марқұмның бейнесін жасанды интеллект арқылы жандандыру адамның шынайы өмірден алшақтауына, өткен шаққа байланып қалуына, қайғы-қасіретін қайта күшейтуіне немесе Алланың өлім туралы белгіленген тағдырына қарсылық сезімін тудыруына себеп болса, мұндай әрекетке тыйым салынады. Өйткені бұл адамның өзіне және оның жақындарына рухани әрі психологиялық зиян келтіруі мүмкін", - дейді тағы да муфтият.

Жасанды сана арқылы марқұмға айтпаған сөздерді айтқызып, немесе жалған ақпарат таратылса, онда бұған қатаң тыйым салынады.

Сол секілді, мұндай технологиялық өзгертілген бейнелерді коммерциялық жарнамаларда пайдаланып, өнімді шынайы емес түрде насихаттау үшін қолданылса, бұл адамдарды алдау және олардың мал-мүлкін әділетсіз жолмен иелену екен. Бұған да шариғатта тыйым салынған көрінеді.

МҰҒАЛІМНІҢ БАЗАЛЫҚ ЛАУАЗЫМДЫҚ ЖАЛАҚЫСЫ ҚАНДАЙ?

"Педагог мәртебесі туралы" заңға орай лауазымдық жалақы – бұл есептеудің негізгі іргетасы. Ол Мемлекеттік базалық лауазымдық жалақыны (БЛЖ = 17 697 теңге) мұғалімнің білім деңгейіне (жоғары немесе арнайы орта) және еңбек өтіліне қатысты белгіленген базалық коэффициентке көбейту арқылы анықталады.

Сонымен қатар педагогтердің жалақысын арттыру саясаты шеңберінде есептелген лауазымдық жалақыға 2,0 еселік түзету коэффициенті қолданылады.

МҰҒАЛІМНІҢ БІР НОРМАТИВТІК ОҚУ ЖҮКТЕМЕСІ ҚАНША САҒАТТЫ ҚҰРАЙДЫ?

Елімізде "Педагог мәртебесі туралы" Заңға сәйкес, орта білім беру ұйымдарындағы мұғалімдер үшін бір нормативтік оқу жүктемесі аптасына 16 сағатты құрайды. Егер мұғалімнің сағаты 16-дан аз, немесе көп болса, оның негізгі жалақысы қайта есептеледі:

Ең алдымен мұғалімнің толық ставкадағы лауазымдық жалақысы 1 нормативтік жүктеме сағатына (орта мектептер үшін 16 сағатқа) бөлінеді. Осылайша мұғалімнің 1 сағатына төленетін еңбекақы мөлшері анықталады.

Табылған 1 сағаттың ақысы мұғалімнің бөлінген кесте бойынша аптасына жүргізетін нақты сағат санына көбейтіледі.

МҰҒАЛІМГЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШЕБЕРЛІК САНАТЫ ҮШІН ҮСТЕМЕАҚЫ ТӨЛЕНЕДІ МЕ?

Аттестация нәтижесінде біліктілік санатын алған мұғалімдерге лауазымдық жалақыдан пайыздық есеппен ай сайынғы үстемеақы төленеді:

педагог-модераторға лауазымдық жалақыдан 30%;

педагог-сарапшыға лауазымдық жалақыдан 35%;

педагог-зерттеушіге лауазымдық жалақыдан 40%;

педагог-шеберге лауазымдық жалақыдан 50% үстемақы қосылады.

ДӘПТЕР ТЕКСЕРУГЕ СЫНЫП ЖЕТЕКШІЛІГІНЕ ҚОСЫМША ҚАНША АҚЫ ТӨЛЕНЕДІ?

Бұл төлемдер айлық есептік көрсеткішке (АЕК) немесе БЛЖ-ға байланысты есептеледі.

Сынып жетекшілігі үшін: 1-4 сыныптарда базалық лауазымдық жалақыдан БЛЖ-дан 50%, яғни 8 848,5 ₸, 5-11 сыныптарда базалық лауазымдық жалақыдан 60%, яғни 10 618,2 ₸ төленеді;

дәптер мен жазбаша жұмыстарды тексергені үшін: 1-4 сыныптарда базалық лауазымдық жалақыдан 40%, 5-11 сыныптарда қазақ, орыс, шет тілдері, әдебиет, математика пәндері бойынша базалық лауазымдық жалақыдан 50% төленеді.

АУЫЛДА ЖҰМЫС ІСТЕЙТІН МҰҒАЛІМДЕРГЕ ҚАНДАЙ ЖЕҢІЛДІКТЕР ҚАРАСТЫРЫЛҒАН?

Ауылдық жердегі мемлекеттік мектептерде жұмыс істейтін мұғалімдерге олардың лауазымдық жалақысы мен барлық дерлік үстемеақысына кемінде 25% мөлшерінде үстеме қосылады.

ЕҢБЕК ДЕМАЛЫСЫ МЕН САУЫҚТЫРУ ЖӘРДЕМАҚЫСЫ ҚАЛАЙ ЕСЕПТЕЛЕДІ?

Мұғалімдерге жыл сайын 56 күнтізбелік күн ақылы еңбек демалысы беріледі. Демалысқа шыққан кезде бір лауазымдық жалақы мөлшерінде сауықтыру жәрдемақысы қоса төленеді.

Сауықтыру ақысын есептеуде өзге үстемелер мен қосымша ақылар ескерілмейді, тек негізгі жүктеме қызметақысы негізге алынады.

МҰҒАЛІМНІҢ ЕҢБЕК ДЕМАЛЫСЫНЫҢ АҚЫСЫ ҚАШАН ТӨЛЕНЕДІ?

Еңбек кодексінің 92-бабына сәйкес жыл сайынғы ақылы еңбек демалысының төлемі демалыс басталғанға дейінгі 3 жұмыс күнінен кешіктірілмей төленуі тиіс. Егер демалыс кестеден тыс берілсе, ол тағайындалған күннен бастап 3 жұмыс күні ішінде аударылады.

МҰҒАЛІМ ӨЗ ЖАЛАҚЫСЫН ОНЛАЙН КАЛЬКУЛЯТОР АРҚЫЛЫ ТЕКСЕРЕ АЛАДЫ МА?

Ия. Мұғалімдер өз еңбекақысын мектептерде қолданылатын бухгалтерлік ақпараттық жүйелердің калькуляторлары арқылы өзі тексере алады.

Ол үшін арнайы калькулятор веб-сервисіне өту керек.

Өз білімін, еңбек өтілін (жылмен бірге айды да көрсеткен дұрыс) және біліктілік санатын таңдау қажет.

Апталық оқу жүктемені, яғни бір аптадағы сағат санын, сынып жетекшілігі мен дәптер тексеру сияқты қосымша міндеттерді де белгілеу керек.

Жүйе автоматты түрде мұғалім қолына тиетін таза, салықтар ұсталғаннан кейінгі жалақыны шығарып береді.

КАЛЬКУЛЯТОР ШЫҒАРҒАН АҚША МЕН АЛҒАН АЙЛЫҚ СӘЙКЕС КЕЛМЕСЕ НЕ ІСТЕУ КЕРЕК?

Онлайн есептеу мен банктік есепшотқа түскен сома арасында алшақтық болса бухгалтериядан ай сайын берілуі тиіс жалақы парақшасын талап ету қажет. Еңбек кодексі бойынша бухгалтер оны беруге міндетті.

Есептеу парақшасындағы жүктеме сағаты мен үстемелердің дұрыс енгізілгенін тексеру керек. Мәселе шешілмесе, мектеп директорына немесе мектептегі кәсіподақ ұйымына жазбаша шағым түсіруге болады.

Заңсыз залалды, немесе кем төленген қаражатты қайтарып алуға бола ма?

Бухгалтерлік қателік немесе заңсыз кем есептеу салдарынан төленбей қалған қаражат кері өндіріп алынады. Егер мектеп әкімшілігі бұл мәселені ішкі деңгейде шешпесе, мұғалім Оқу-ағарту министрлігінің Білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаментіне, немесе Аумақтық еңбек инспекциясына, сонымен қатар прокуратура органдарына шағымдануға толық құқылы.

ШАЙМЕН ДӘРІ ІШКЕН ДҰРЫС ПА?

Қазір суық тию мен тұмау өршіп тұр. Көп жұрт көп дәрі ішуде. Кейбір науқастар дәрі әсер етпеді деп ренжиді. Осы ретте мамандардың айтуынша, суық тию маусымында көпшілік шайды жиі ішеді, тіпті дәріні шаймен бірге қабылдайды. Алайда дәрілерді шаймен бірге қабылдау дәрі құрамындағы белсенді заттардың тиімділігін төмендетуі мүмкін. Сондай-ақ дәріні кофемен ішу жүрек пен жүйке жүйесіне түсетін қосымша жүктемені арттырады екен.

Дәрі-дәрмекті цитрус жемістерінің шырынымен ішу де қауіпті көрінеді. Шырындар дәрілік заттарды ыдырататын бауыр ферменттерінің жұмысына әсер етеді. Соның салдарынан дәрінің ағзадағы концентрациясы артып, науқастың жағдайы нашарлап, тіпті артық доза қаупі туындауы ықтимал дейді.

Тіпті сүт пен минералды сумен де дәрі ішетіндер жоқ емес. Сүттің құрамындағы кальций антибиотиктердің кейбір түрлеріндегі белсенді заттармен байланысып, олардың ағзаға сіңуіне кедергі келтіреді. Соның салдарынан мысалы қарапайым ангина ауруы қайта өршіп, одан да күрделі асқынуларға әкелуі мүмкін.

Ал минералды су мен газдалған сусындар асқазан сөлінің қышқылдығын өзгертеді. Бұл өз кезегінде дәрілердің еру уақытына әсер етіп, олардың тиімділігі мен қауіпсіздігін төмендетеді.

Фармацевт мамандар кейбір шөп тұнбаларының да қауіпті болуы мүмкін екенін атап өтті. Мәселен, шайқурай көптеген дәрілік заттардың ағзадан тез шығарылуына ықпал етіп, олардың концентрациясын төмендетеді. Ал валериана немесе сасықшөп сияқты тыныштандыратын шөп тұнбалары дәрілердің седативті әсерін күшейтуі мүмкін.

Дәрі-дәрмекті бөлме температурасындағы 150–200 миллилитр таза, газдалмаған сумен ішкен дұрыс. Сондай-ақ дәрілік препараттардың сусындармен үйлесімділігіне қатысты нұсқаулықтағы ақпаратқа мұқият назар аудару қажет дейді мамандар.

БЕРЕШЕКТІ РЕТТЕУ ТУРАЛЫ НЕНІ БІЛУ МАҢЫЗДЫ?

Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі еске салады: қаржылық қиындықтар туындаған кезде қарыз алушы заңнамада көзделген берешекті реттеу тетіктерін пайдалана алады.

Бүгінгі күні қарыз алушылардың банктермен, микроқаржы ұйымдарымен (МҚҰ) және коллекторлық агенттіктермен өзара іс-қимылының бірыңғай тәртібі қолданылады. Сонымен қатар, 2026 жылғы 1 шілдеден бастап азаматтарға «бір терезе» қағидаты бойынша бір мезгілде бірнеше кредитор алдындағы берешекті реттеуге мүмкіндік беретін inkelisim.kz бірыңғай цифрлық платформасы жұмыс істейді.

ТӨЛЕМ МЕРЗІМІ ӨТКЕН КЕЗДЕ НЕ ІСТЕУ КЕРЕК?

Егер қарыз алушы қаржылық қиындықтарға тап болса, бірінші кезекте кредиторға – банкке, МҚҰ-ға немесе коллекторлық агенттікке міндеттемелерді орындау шарттарын өзгерту туралы өтінішпен жүгіну қажет.

Өтінішке қаржылық жағдайдың нашарлауын немесе кешіктірудің себептерін растайтын құжаттар қоса берілуі керек. Бұл жұмыссыз ретінде тіркелгені туралы анықтама, жұмыс берушінің еңбек шартын тоқтату не жалақысы сақталмайтын демалыс беру туралы актісі, еңбекке уақытша жарамсыздық туралы анықтама, оның ішінде жақын туыстарының немесе жұбайының (зайыбының) ауруын растайтын анықтама, жақын туыстарының немесе жұбайының (зайыбының) қайтыс болғаны туралы куәлік немесе анықтама, жазатайым оқиға немесе үшінші тұлғалардың құқыққа қайшы әрекеттері салдарынан материалдық шығынның келтірілгенін растайтын құжаттар, мүгедектік туралы анықтама, сот актілері және қарыз алушының қаржылық жағдайының нашарлауын растайтын басқа да құжаттар болуы мүмкін.

Кредитор жолданымды қарайды және күнтізбелік 15 күн ішінде шешім қабылдайды.

Егер кредитор бас тартса немесе ұсынылған шарттарға көңілі толмаса.

Егер қарыз алушы кредитордың шешімімен келіспесе, ол банк немесе микроқаржы омбудсманына жүгінуге құқылы. Банктік қарыз бойынша өтініш bank-ombudsman.kz сайты арқылы беріледі. МҚҰ-ға қарыздар бойынша өтініш mfombudsman.kz сайты арқылы беріледі.

Банк және микроқаржы омбудсмандарының қызметтері тегін. Олардың шешімдерін банктер мен МҚҰ орындауға міндетті.

Маңызды: омбудсманға кредиторға ресми түрде жүгініп, оның жауабын алғаннан кейін ғана жүгінуге болады.

Қарыз алушыға ақылы «делдалдар» қызметін пайдалануы талап етілмейді – кредиторға және омбудсманға өз бетінше жүгінуге болады.

Бірнеше кредитор алдындағы берешекті реттеу. Бір мезгілде бірнеше кредитор алдында мерзімі өткен берешегі бар азаматтар үшін Агенттік Бірінші кредиттік бюромен бірлесіп Тұтынушылық кепілсіз кредиттер бойынша берешекті реттеуге арналған Finkelisim.kz бірыңғай цифрлық платформасын әзірледі. Платформа 2026 жылғы 1 шілдеден бастап банк және микроқаржы омбудсмандарының базасында «бір терезе» қағидаты бойынша және медиация тәртібімен жұмыс істейді.

Қарыз алушыға әрбір кредиторға жеке жүгінудің қажеті жоқ. Платформада бір өтініш беру жеткілікті, одан кейін ақпарат қарыз алушының міндеттемелері бар барлық кредиторларға жіберіледі.

Қарыз алушының ұжымдық реттеу рәсіміне қатысуы тегін болып табылады. 2027 жылғы 1 қаңтарға дейін медиатордың көрсететін қызметтеріне арналған шығыстар банктік және микроқаржы омбудсмандары есебінен өтеледі.

ПЛАТФОРМАНЫ КІМ ПАЙДАЛАНА АЛАДЫ?

Қарыз алушы бір мезгілде мынадай шарттарға сәйкес келетін өтініш бере алады:

- екі және одан да көп кредитор алдында 90 және одан да көп күнтізбелік күн мерзімі өткен берешегі бар;

- жиынтық берешек 150 АЕК-тен 1 600 АЕК-ке дейін құрайды;

- берешек бойынша өндіріп алу туралы сот актілері, нотариустың атқарушылық жазбалары және өзге де мәжбүрлеп өндіріп алу шаралары жоқ.

Бұл ретте ұжымдық реттеу ипотекалық қарыздар бойынша берешекке, автокредиттерге, банктік қарыздарға және кәсіпкерлік қызметпен байланысты микрокредиттерге, алаяқтық жолымен ресімделген кредиттерге, мерзімді әскери қызметті өткеруге байланысты төлемдерді кейінге қалдыруға берілген кредиттер, дауды медиация тәртібімен реттеу туралы келісім қолданылып жүрген кредиттерге, төлем қабілеттілігін, соттан тыс немесе соттың банкроттығын қалпына келтіру рәсімдері қолданылатын берешектерге қолданылмайды.

БЕРЕШЕКТІ ӨТЕУ МҮМКІН БОЛМАҒАН ЖАҒДАЙДА НЕ ІСТЕУ КЕРЕК?

Егер қарыз алушының өз міндеттемелерін орындауға объективті түрде мүмкіндігі болмаса, ол заңнамада белгіленген шарттарға сәйкес келген жағдайда соттан тыс банкроттық рәсімін қолдану мәселесін қарастыра алады.

Банкроттық заңда көзделген тәртіппен борыш міндеттемелерін тоқтатуға мүмкіндік береді, алайда жүгінбес бұрын оның салдарын бағалап алу қажет.

Атап айтқанда, рәсім аяқталғаннан кейін 5 жыл ішінде азамат жаңа кредиттер мен микрокредиттер ала алмайды, 3 жыл бойы оның қаржылық жағдайына мониторинг жүргізіледі, ал қайта банкроттыққа өтініш беру тек 7 жылдан кейін ғана мүмкін болады.

Жеке тұлғаның соттан тыс банкроттығына өтініш берудің егжей-тегжейлі тәртібі электрондық үкімет порталында орналастырылған:

Маңызды: Қаржылық қиындықтар туындаған кезде қарыз алушы үшін мерзімін өткізіп алуды елеусіз қалдырмай, кредиторға уақтылы жүгіну маңызды.

"Ақшамның" асханасы

ҚЫСТЫҢ ҚАМЫ

Көкөністерді қысқа консервілеудің бірнеше негізгі әдісі бар. Әр әдістің өзіндік ерекшелігі, сақтау мерзімі және дайындау тәртібі болады. Қыс мезгіліне құнарлы өнімдерді тиімді пайдаланудың бірнеше әдістерін ұсынамыз. Оларға маринадтау әдісі, тұздау және ашыту әдісі, бұқтырып консервілеу, тұздық дайындау, мұздату әдісі жатады. Қыс мезгілінде құнарлы әрі тиімді тағам әзірлеу үшін жекелей тоқталамыз.

МАРИНАДТАУ ӘДІСІ

Сірке суы, тұз, қант және дәмдеуіштер қосылады. Қияр, қызанақ, болгар бұрышы, кәді ассорти жабуға қолайлы.

МАРИНАДТАЛҒАН ҚИЯР

1 литрлік банкаға қажетті қоспалар:

Қияр – 500–600 г., сарымсақ – 2 түйір, аскөк – 1 бұтақ, қара бұрыш – 5–6 түйір, лавр жапырағы – 1 түйір.

Маринад құрамы: 1 литр су, 2 ас қасық тұз, 3 ас қасық қант, 100 мл9% сірке суы.

Дайындау жолы:

1. Қиярды жуып, 2–3 сағат салқын суға салып қойыңыз.



2. Банканы жуып, залалсыздандырыңыз
3. Түбіне аскөк, сарымсақ, бұрыш және лавр жапырағын салыңыз
4. Қиярды тығыздап орналастырыңыз
5. Үстіне қайнаған су құйып, 10 минут ұстаңыз
6. Суды төгіп, тұз бен қант қосылған жаңа маринадты қайнатыңыз
7. Сірке суын қосып, маринадты банкаға құйыңыз.
8. Қақпағын жауып, қайнаған су моншасында өңдеңіз

МАРИНАДТАЛҒАН ҚЫЗАНАҚ

1 литрлік банкаға:



Қызанақ – 500–600 г., сарымсақ – 2 түйір, аскөк – 1 бұтақ, қара бұрыш - 5 түйір.

Маринад: тұз, қант және сірке суы.

1. Қызанақтарды жуыңыз
2. Залалсыздандырылған банкаға дәмдеуіштерді салыңыз
3. Қызанақтарды салыңыз
4. Қайнаған маринадты құйыңыз
5. Банканың қақпағын жабыңыз

КӨКӨНІС АССОРТИ

Құрамы: Қияр, қызанақ, болгар бұрышы, сәбіз, гүлді қырыққабат, сарымсақ, аскөк.



Көкөністерді жуып, турап, банкаларға салыңыз. Маринадты банка көлеміне сәйкес әзірлеп, құйыңыз.

ТҰЗДАУ ЖӘНЕ АШЫТУ ӘДІСІ

Тұздың көмегімен табиғи сүтқышқылды ашу жүреді. Қырыққабат, қияр, қызанақ дайындауға болады.

ТҰЗДАЛҒАН ҚЫРЫҚҚАБАТ

Қажетті заттар:

Қырыққабат – 1 кг., сәбіз – 100 г. тұз – 20 г (йодталмаған).

Дайындау жолы:

1. Қырыққабатты майдалап тураңыз
2. Сәбізді үккіштен өткізіңіз
3. Тұз қосып, шырыны шыққанша қолмен езгілеу қажет
4. Таза банкаға тығыздап салыңыз
5. Қырыққабаттың шырыны үстінен жауып тұруы керек
6. Бөлме температурасында шамамен 3–5 күн ашытыңыз
7. Күніне бірнеше рет таза құралмен газын шығарыңыз
8. Ащу процесі аяқталған соң тоңазытқышта сақтаңыз.



ТҰЗДАЛҒАН ҚИЯР

Қажетті заттар:

Қияр – 1 кг., су – 1 литр, тұз – 50–60 г., аскөк – 2 бұтақ, сарымсақ – 3 түйір, желкек жапырағы.

Дайындау жолы:

1. Қиярды жуып, салқын суға 2 сағат салып қойыңыз



2. Банканың түбіне аскөк пен сарымсақ салыңыз
3. Қиярды салыңыз
4. Суға тұзды ерітіп, қиярдың үстіне құйыңыз
5. Қияр толық тұздықтың астында тұруы керек
6. 2–4 күн ащытыңыз
7. Дәмі қышқылданған соң тоңазытқышқа қойыңыз.

ТҰЗДАЛҒАН ҚЫЗАНАҚ

Қажетті заттар:

Қызанақ – 1 кг., су – 1 литр, тұз – 50 г. сарымсақ – 3 түйір, аскөк – 2 бұтақ, қара бұрыш – 5 түйір.



Дайындау жолы:

1. Қызанақты жуып, бүтіндерін таңдаңыз
2. Банканың түбіне дәмдеуіштерді салыңыз
3. Қызанақтарды салыңыз
4. Тұзды су дайындап, құйыңыз
5. Қызанақ тұздықтың астында тұруы қажет
6. Ашу әдісі басталғанда газ бөлінуі қалыпты
7. Дәмі қалыптасқан соң тоңазытқышқа қойыңыз

БҰҚТЫРЫП КОНСЕРВІЛЕУ

Көкөністер маймен немесе өз шырынымен бұқтырылып, дайын күйінде банкаларға салынады. Лечо, баклажан салаты, кәді уылдырығы. Бұл әдіспен көкөністерді алдын ала қуырып немесе бұқтырып, дайын салат, тұздық, уылдырық түрінде қыстыққа дайындайды.

ЛЕЧО – ҚЫСТЫҚ САЛАТ

Қажетті өнімдер:

2 кг. болгар бұрышы, 2 кг. қызанақ, 500 г. пияз, 500 г. сәбіз, 150 мл. өсімдік



майы, 100 г. қант, 40 г. тұз, 200 мл 5% сірке суы.

Дайындау жолы:

1.Қызанақты еттартқыштан өткізіңіз немесе ұсақтап тураңыз
2. Болгар бұрышын ұзынша етіп тураңыз
3. Пиязды жартылай сақина түрінде тураңыз
4. Сәбізді ірі үккіштен өткізіңіз
5. Қазанға өсімдік майын құйып, пияз бен сәбізді аздап қуырыңыз
6. Қызанақты қосып, 15 минут бұқтырыңыз
7. Бұрышты, тұз бен қантты қосыңыз
8. Баяу отта көкөністер жұмсарғанша пісіріңіз
9. Сірке суын қосып араластырыңыз.

БАКЛАЖАН УЫЛДЫРЫҒЫ



Қажетті өнімдер:

Баклажан – 2 кг., қызанақ – 1 кг., болгар бұрышы – 500 г., пияз – 500 г., сәбіз – 300 г. сарымсақ – 1 бас, өсімдік майы – 150 мл., тұз – дәміне қарай.

Дайындау жолы:

1. Баклажанды текшелеп тураңыз
2. Еттартқыштан өткізіңіз
3. Қазанға құйып, 20–30 минут қайнатыңыз
4. Сәл суығаң соң електен өткізіп, қабығы мен дәнін бөліңіз
5. Қайтадан қазанға құйыңыз
6. Баяу отта қоюланғанша араластырып пісіріңіз
7. Тұз қосыңыз
8. Қою паста дайын болғанда оттан алыңыз

ҮЙ КЕТЧУПІ

Қажетті өнімдер:

- 3 кг қызанақ
- 300 г пияз
- 300 г алма
- 150 г қант
- 30 г тұз
- 150 мл5% сірке суы
- ½ шай қасық даршын
- ½ шай қасық қара бұрыш
- 3 түйір қалампыр



Дайындау жолы

1. Қызанақты, алманы, пиязды тураңыз
2. Барлығын қазанға салыңыз
3. Баяу отта жұмсарғанша пісіріңіз
4. Блендермен ұсақтаңыз
5. Електен өткізіңіз
6. Қант, тұз және дәмдеуіштерді қосыңыз
7. Қоюланғанша баяу қайнатыңыз
8. Сірке суын қосып араластырыңыз

МҰЗДАТУ ӘДІСІ

Көкөністер жуылып, туралып, порцияларға бөлініп мұздатылады. Бұрыш, қызанақ, сәбіз, брокколи, кәді, баклажан, жүгері, саңырауқұлақ, жүгері, гүлді қырыққабат қолайлы.

БОЛГАР БҰРЫШЫН МҰЗДАТУДЫҢ ҮШ ТӘСІЛІ

Бірінші тәсіл сорпаға арналған.

- Ұсақ текшелерге тураңыз
- Порцияларға бөліңіз
- Пакетке салып мұздатыңыз

Екінші тәсіл фаршталған бұрышқа арналған



- Бұрыштың ішін тазалаңыз
- Бүтін күйінде мұздатыңыз
- Бірінің ішіне бірін киргізіп сақтауға болады

Үшінші тәсіл – салат пен қуыруға арналған

- Ұзынша тураңыз
- Аз мөлшермен бөліп қойыңыз
- Мұздатқышқа салыңыз

ҚЫЗАНАҚТЫ ЕЗБЕ ТҮРІНДЕ МҰЗДАТУ

1. Қызанақты жуып, бөліктерге бөліңіз
2. Блендермен езіңіз
3. Мұзға арналған қалыптарға құйыңыз
4. Қатырып болған соң пакетке ауыстырыңыз



ҚЫСТЫҚҚА ДАЙЫН КӨКӨНІС ҚОСПАЛАРЫН ЖАСАУ

1. Сорпаға арналған қоспа

- Сәбіз
- Пияз
- Болгар бұрышы



- Аскөк

2. Палауға арналған қоспа

- Сәбіз
- Пияз
- Болгар бұрышы

3. Борщқа арналған қоспа

- Қызылша
- Сәбіз
- Пияз
- Қызанақ

4. Көкөніс бұқтыруға арналған қоспа

- Баклажан
- Кәді
- Бұрыш
- Қызанақ

Қоспаларды бір рет қолданатын мөлшермен бөліп мұздатыңыз. Қайнатылатын тағамға көбіне ерітпей-ақ қосуға болады.

ТҰЗДЫҚ ДАЙЫНДАУ ТӘСІЛІ

Бұл әдіспен қыста сорпаға, етке, макаронға және басқа тағамдарға қосатын табиғи өнімдер дайындаймыз.

ҮЙ ҚЫЗАНАҚ ШЫРЫНЫ

Қажетті өнімдер:

- Қызанақ – 5 кг
- Тұз – 1 ас қасық
- Қант – 1–2 ас қасық

Дайындау жолы:



1. Қызанақты жақсылап жуыңыз
2. Сабақ тұсын алып тастаңыз
3. Бірнеше бөлікке бөліңіз
4. Еттартқыштан немесе шырынсыққыштан өткізіңіз
5. Шырынды қазанға құйыңыз
6. Қайнаған соң көбігін алыңыз
7. Баяу отта 15–20 минут қайнатыңыз
8. Тұз бен қант қосыңыз
9. Дәмін реттеңіз

Сақтау: бөлме температурасында сақтау үшін қышқылдығы мен өңдеу уақыты тексерілген рецепт қажет. Бұл уақыт өздігінен қауіпсіз консервілеуге кепілдік бермейді.

ҮЙ ТОМАТ ПАСТАСЫ

Дүкендегі томат пастасының орнына қолдануға болатын қою, табиғи өнім.

Қажетті өнімдер

- Қызанақ – 5 кг
- Тұз – 1 ас қасық

Дайындау жолы:


1. Қызанақты жуып, бөліктерге



ҚЫСТЫҚҚА ДАЙЫН КӨКӨНІС ҚОСПАЛАРЫН ЖАСАУ

1. Сорпаға арналған қоспа

- Сәбіз
- Пияз
- Болгар бұрышы



- Аскөк

2. Палауға арналған қоспа

- Сәбіз
- Пияз
- Болгар бұрышы

3. Борщқа арналған қоспа

- Қызылша
- Сәбіз
- Пияз
- Қызанақ

4. Көкөніс бұқтыруға арналған қоспа

- Баклажан
- Кәді
- Бұрыш
- Қызанақ

Қоспаларды бір рет қолданатын мөлшермен бөліп мұздатыңыз. Қайнатылатын тағамға көбіне ерітпей-ақ қосуға болады.